Шекаралас мемлекеттермен және қолайсыз аудандар, бейім малдар және жұғу жолы, аусылдың ауыл шаруашылық малдарына таралуына байланысты зерттеулер жүргізілді.

Ауыл шаруашылық жануарлары мен құстардың, сонымен қатар жабайы фауналар арасына скринингтік зерттеулер жүргізу жолымен эпизоотиялық жағдайды анықтау және иммундық фонды, серотипін, індеттің шығу көзін анықтау, балау мақсатында індетті ауруларды балау зертханасында серологиялық балау қолданылады. Серологиялық реакцияның принципі жануарлар организміндегі антидене мен антигеннің өзара әрекеттесуіне негізделген.

Шығыс Қазақстан облысында 2014 жылдың 11-18 наурыз аралығында Күршім, Зайсан, Тарбағатай, Аягөз, Үржар аудандарынан 313 сынама алынып, 94 сынамадан оң нәтиже алынды.

Бұл бағдардағы жұмыстың төмендеуі аусыл вирусын жоғарғы және орташа жұқтырылған зоналарда күтуге болады.

Оңтүстік Қазақстан облысында 2014 жылдың 20-30 сәуір аралығында Мақтарал, Шардара, Сарыағаш, Қазығұрт және Төлеби аудандарында 300 сынаманың 113 сынама оң нәтиже берді.

Алматы облысында 2014 жылдың 11-22 мамыр аралығында Райымбек, Ұйғыр, Қарасай, Панфилов, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Алакөл және Сарқанд аудандарында (барлығы 44 елді мекен) 300 сынама (270 ІҚМ және 30 ҰМ) нәтижелері алынды.

Қызылорда облысында 2014 жылдың 25 мамырдың 3 маусым аралығында Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жанақорған, Қызылорда қ. және Арал қ. 300 (270 ІҚМ, 30 ҰМ) сынаманың 56 оң нәтиже алынды.

Жамбыл облысында 2014 жылдың 4-15 мамыр аралығында Жуалы, Жамбыл, Талас, Сарысу, Т.Рысқұлов, Мерке, Мойынқұм, Шу, Қордай аудандарынан 300 сынама (270 ІҚМ, 30 ҰМ) 65 оң нәтиже алынды.

Жалпы 1513 қан сынамасынан 389 сынама оң нәтиже көрсетті, ол 25,7% құрайды. Серомониторинг жүргізгеннен кейін оң нәтижелі сынамалар ПТР әдісімен аусыл вирусының РНҚ зерттелді. ПТР нәтижесінде оң нәтиже болған жоқ, ол зерттелген жануарларда вирустасымалдаушылығы жоқ екендігін білдіреді.

Сонымен қатар, вакцинация зонасымен шекараласатын вакцинациядан бос зоналарға қатысты. Осы зоналардан сынамаалар аусылдың ҚБ антиденелердің бар-жоғын анықтау үшін алынды.

Ғылыми жұмыс ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің 2014 жылғы 11 қыркүйектегі №16-03-16/1868-И тапсырмасы негізінде, аусыл бойынша буферлі және бос зоналар арасында шекаралас зонада эпизоотиялық жағдайын мониторингтен өткізу үшін жүргізілді, толықтай айтқанда:

- бос зоналар: Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе облыстары;

- Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары қамтылды.

Жалпы ІҚМ және ҰМ бастарынан бір жастағы малдардан 14395 қан сарысу сынамаалар алынды. Сынамаалар «SVANOVA», «IDEXX», «PRIOCHECK» тест-жүйелерімен және Biotek иммунохроматографиялық тестімен зерттелді.

Оның ішінде, Қарағанды облысынан 8155 сынама зерттеліп, одан 123 сынамада аусылдың ҚБ антиденесіне оң нәтиже берді.

Павлодар облысының аудандары бойынша 1072 сынама ІҚМ және 1712 сынама ҰМ Лебяжи және Май аудандарынан сынамаалар түсті. Барлық сынамаалар теріс нәтижелі.

Жалпы Павлодар, Қарағанды және Ақтөбе облыстарынан 14395 қан сарысу сынамаалары зерттелді. Аудандар бойынша нәтижелері кестеде көрсетілген.

1 кесте – Аудандар бойынша нәтижелер

№ р/н	Облыс	Аудан	Мал түрі	Сынама саны	Оң нәтижелер саны	Жұқтырылған %
1	Қарағанды	Ақтоғай	ІҚМ	600	теріс	0,0
			ҰМ	960	теріс	0,0
2		Қарқаралы	ІҚМ	1502	16	1,1
			ҰМ	173	теріс	0,0
3		Жаңа арка	ІҚМ	1560	теріс	0,0
4		Шет	ІҚМ	1800	теріс	0,0
5		Ұлытау	ІҚМ	1510	107	7,1
			ҰМ	50	теріс	0,0
Барлығы:				<b>8155</b>	<b>123</b>	1,5
1	Ақтөбе	Ырғыз	ІҚМ	1000	теріс	0,0
			ҰМ	560	теріс	0,0
		Шалқар	ІҚМ	1000	7	0,7
			ҰМ	560	теріс	0,0
Барлығы:				<b>3120</b>	<b>7</b>	0,2
1	Павлодар	Лебяжи	ІҚМ	612	теріс	0,0
			ҰМ	948	теріс	0,0
2		Май	ІҚМ	460	теріс	0,0
			ҰМ	1100	теріс	0,0
Барлығы:				<b>3120</b>		
Жалпы:				<b>14395</b>	<b>130</b>	0,9

Қарағанды облысында зерттелген 8155 сынамадан 123 оң нәтиже берді, ол ҚБ антидене анықталғаны зерттелген, сынамаға қатынасы 1,5% құрайды.

Ақтөбе облысы бойынша зерттелген 3120 сынамадан 7 оң нәтиже берді, ҚБ антидене анықталғаны зерттелген сынамаға қатынасы 0,2% құрайды.

Қазақстан Республикасының аймақтарында аусылға бейім аудандар: Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, 696, 678, 649 қолайсыз пункттер құрады.

Аусылдың А типті белгілері Солтүстік және Шығыс Қазақстан аумақтарында, О-Батыс, Солтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Республикасының аймақтарында және АЗИЯ-1

типі, Қазақстан Республикасының Оңтүстік Шығыс аймақтарында тіркелген.

Серологиялық зерттеудің нәтижесі бойынша, аусылдың қан сарысуында антиденелер (99-100%) жоғары деңгейде Алматы облысында, төмен (79,3%) Шығыс Қазақстан облысында; О типі жоғары (100%) Жамбыл және Қарағанды облысында, төмен 82-84% Шығыс Қазақстан облысы және Алматы; АЗИЯ-1 типі 94-96% Шығыс Қазақстан облысы және 52% Қызылорда облысы табылған;

ПТР әдісі бойынша Қарағанды, Ақмола, Атырау облыстарынан алынған патологиялық материалдың ішіндегі 19 сынаманың 12-і аусылға оң нәтиже берді;

Серологиялық әдістерге байланысты вакцинация жасалмаған жануарлардан алынған 2385 сынаманың ішінде 9 сынама оң реакция берді;

Осы зерттеудің нәтижесі бойынша аусылға шалдығу деңгейі жоғары аймақтар (Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Атырау, Батыс Қазақстан).

Алдын алу және де дауалау шаралары нәтижелі болуы үшін қолайсыз аймақтарда, буферлі және қауіпті аймақтарда вакцинация жүргізу жыл сайын серологиялық тексерістер жүргізіп тұру, қолайлы аймақта жануарлар, өнімдер, шикізаттарды тасымалдауды бақылау.

**Қорытынды.** Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында Дүниежүзілік Сауда ұйымына кіруге барлық жұмыстар атқарылуда. Халықаралық заң жүйесі мониторинг жүйесінің тиімділігін экспорттаушы елдерде Дүниежүзілік сауда ұйымы бекітеді және ветеринарлық инфрақұрылым функциясының тиімділігіне анализ жасауды анықтайды. Анализ қорытындылары экспорттаушы елдерге беріледі. Мониторинг жүйесінің белгілі бір ауруға тиімділігі жоқ, осы ауру туралы экспорттаушы елдердің жағдайы нақты емес, ал аурудың жоқтығы дәлелденбеген болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ахметсадықов Н.Н. Эпизоотическая ситуация – ящур // Ветеринария. – 2011. – №4(20). – С. 16-21.

2 Кемалова Н.Е., Спирин В.К., Кременчугская С.Р., Егорова А.И. Современная схема по выявлению и идентификации штаммов вируса ящура // Федеральный центр охраны здоровья животных. Ветеринария, 2007. – №7. – С. 27-30.

3 Рахманов А.М., Борисов В.В., Михалишин В.В., Кременчугская С.Р. Эпизоотическая ситуация по ящуру в мире и меры борьбы с ним // Федеральный центр охраны здоровья животных (ВНИИЗЖ). Ветеринария, 2007. – №11. – С. 3-6.

4 Гусев А.А., Байбиков Т.З., Захаров В.М., Рахманов А.М. Эпизоотическая ситуация по ящуру и совершенствование противоящурных мероприятий в современных условиях // Всероссийский научно-исследовательский институт защиты животных Н.А. Яременко. Ветеринария, 1997. – №12. – С. 3-8.

5 Әбішев Ә.Ә., Хайруллаева Қ.А. Аусыл вирусының далалық штамының О типіне әр түрлі жасуша өсінділерінің сезімталдылығы // Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты ЖШС. Жаршы, 2012. – №8. – С. 52-55.

6 Захаров В.М. Ящур: новые концепции борьбы и профилактики // Актуальные проблемы инфекционной патологии животных: матер. Междунар. науч. конф. ФГУ ВНИИЗЖ. Владимир, 2003. – С. 11-14.

7 Рамешвар Дж., Паршин П.А., Сухарев О.И. Особенности эпизоотического процесса ящура в Непале // Российский университет дружбы народов. Ветеринария, 2008. – №11. – С. 58-60.

8 Сытник И.И., Даугалиева А.Т., Дон Кинг Шынайы уақыт режимінде полимеразды-тізбек реакциясы әдісімен аусыл вирусін анықтау // Final program and abstract book IX International congress of veterinary virology and joint meeting with the European Society of Clinical Virology ESVV 2012. – Veterinary faculty – Complutense University of Madrid. 4-7 September, 2012.– P.219-220.

9 Сытник И.И., Кәрібаев Т.Б., Тюлегенов С., Камсаев Е. Қазақстанда аусыл ауруын қадағалау үшін (FMD) егілген жануарлардан індетті жануарларды бөліп алу әдісі (DIVA). Program and abstract book IX International congress of veterinary virology and joint meeting with the projects DITRA 2012. –Veterinary faculty – meeting of Stanbul. 26-29 September, 2012.–P.219-220

### РЕЗЮМЕ

В статье приведены сведения о распространении вируса ящура, его определении, результаты серологического мониторинга.

### RESUME

In article was given information about spreading of virusaphtae epizooticae, his definition, results of serum monitoring.

ӘОЖ 619:616:71-007.151

**Р. С. Сабилов**, магистрант,

**Ф. Б. Закирова**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент,

**Б. О. Ертлеуова**, ветеринария ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР

## БҰЗАУ РАХИТІ КЕЗІНДЕ ТАБИҒИ ЦЕОЛИТТИ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘСЕРІ

### Аннотация

Мақалада табиғи цеолиттің бұзау рахитін емдеу және алдын алу кезіндегі, қан сарысуының биохимиялық көрсеткішіне тигізетін тиімді әсері жайындағы зерттеу нәтижесі келтірілген.

*Түйін сөздер:* бұзау рахиті, табиғи цеолит, биохимиялық көрсеткіш, жалпы ақуыз, кальций мен бейорганикалық фосфор, глюкоза, А дәрумені.

**Кіріспе.** Жаңа туылған төлдердің өсіп-дамуын тежеуші жағдайлардың бірі ретінде, минералдық заттардың алмасуының салдарынан болатын, шаруашылықтарда жиі кездесетін жұқпалы емес аурулар қатарына рахитте жатады [1]. Осы аурудың пайда болу себебін анықтау, оның алдын алу мақсатында жаңа препараттарды сынау және емдеудің тиімді әдістерін ұсыну өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда бұзаулар арасында рахитті емдеу және алдын алу мақсатында табиғи цеолитті қолдану ерекше қызығушылық тудырып жүр. Табиғи цеолиттің емдік сақтандырғыштық қасиеттері туралы мәліметтер әлі де болса жеткіліксіз болуына байланысты, бұзаулардың рахиті кезіндегі қанның биохимиялық жағдайына цеолиттің тигізетін әсерін зерттеу қажеттілігі туындап, аталған мәселе зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттерін айқындауға негіз болды.

**Зерттеу материалы мен әдістері.** Тәжірибелік зерттеу жұмыстары Шыңғырлау ауданы, Алмаз селолық округіндегі, «Мади» шаруа қожалығында жүргізілді. Зерттеу барысында цеолитті бір бас жануарға 20 г мөлшерінде азыққа қосып беріп пайдаландық.

Тәжірибе 1 айдан 4 айға дейінгі аралықтағы бұзауларға жүргізілді, жануарлар алдымен әрқайсысына 6 бастан үш топқа бөлінді: екі тәжірибелік және бір бақылау тобы.

Тәжірибе екіге бөлініп жүргізілді: біріншісі күз-қыс мезгілінде, екіншісі көктем-жаз мезгілдерінде жүргізілді.

Бірінші тәжірибелік топта (рахитпен ауыратын жануарларда) емдік мақсатта күн сайын бір басқа 20 г мөлшерінде цеолит берілді.

Екінші тәжірибелік топқа (клиникалық сау жануарлар) сақтандыру мақсатында бір бас бұзауға 20 г мөлшерінде цеолит күн сайын берілді.

Үшінші тәжірибелік топ (рахитпен ауыратын жануарлар) бақылау тобы болып саналды және тек негізгі рационмен азықтандырылды.

Қан сарысуын биохимиялық зерттеуді Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ФЗИ-нда жүргіздік.



**Зерттеу нәтижелері.**

Қан сарысуының биохимиялық көрсеткіштері ағзадағы зат алмасу үрдістерінің жағдайын нақты көрсетеді [2].

Зат алмасуының бұзылуын зерттеу кезінде қан плазмасындағы ақуыздардың маңызы зор, өйткені бұл заттар ағзаның жалпы жағдайының сезімдік көрсеткіші болып табылады [3].


Қан сарысуының биохимиялық көрсеткіштерін алты рет, әрбір 30 күн сайын жүргізіп отырдық.

Біздің тәжірибемізде табиғи цеолит ақуыз алмасуына тұтас зерттеу жұмысы барысында оң әсерін берді(1 кесте).

1 кесте – Бұзаулардың қан сарысуындағы жалпы ақуыздың көрсеткіші ( $M \pm m, n = 6$ ) г/л

Зерттеу топтары	Зерттеу					
	1-шітәжірибелік саты			2-шітәжірибелік саты		
	1	2	3	1	2	3
Бірінші тәжірибелік топ	48,0 ± 0,54	68,8 ± 1,5	69,8 ± 1,6	55,0 ± 0,4	64,0 ± 1,0	69,0 ± 0,25
Екінші тәжірибелік топ	60,6 ± 2,15	70,5 ± 1,68	72,0 ± 0,4	65,0 ± 0,5	70,0 ± 1,65	70,0 ± 1,0
Бақылау тобы	52,47 ± 2,6	52,0 ± 2,8	51,0 ± 1,0	58,0 ± 0,1	57,0 ± 0,8	57,0 ± 0,7

Бірінші тәжірибелік топтың және бақылау тобының бұзауларында жалпы ақуыздың бастапқы мөлшерлері физиологиялық мәндерінен төмен орналасты (1 сурет). Екінші тәжірибелік топтың бұзауларында жалпы ақуыздың мөлшері физиологиялық мәніне сай келді және 60,6±2.15 г/л құрады, бұл бірінші тәжірибелік топқа қарағанда 25%-ға және бақылау тобына қарағанда 22%-ға жоғары.



Δ – бақылау тобы; □ –І-тәжірибелік тобы; ◇ -ІІ-тәжірибелік тобы

1 сурет – Бұзаулардың қан сарысуындағы жалпы ақуыздың көрсеткіші

Цеолитті азыққа қосып бергеннен кейін бірінші тәжірибелік топтың бұзауларының қан сарысуында жалпы ақуыздың мөлшері айтарлықтай көбейгені (41%) байқалды.

Екінші тәжірибелік топтың бұзауларының қан сарысуындағы жалпы ақуыз мөлшері бастапқы мәліметтерге қарағанда 16%-ға жоғарылаған. Бақылау тобындағы бұзаулардың қан сарысуындағы жалпы ақуыз мөлшері бұрынғы мөлшерінде қалды.

Тәжірибенің бірінші сатысының соңына қарай жалпы ақуыз мөлшерінің жоғарылағаны екінші тәжірибелік топтың бұзауларында байқалған. Бұл көрсеткіш бірінші тәжірибелік топтың бұзауларымен салыстырғанда 2,0 г/л және бақылау тобымен салыстырғанда 21 г/л жоғары болды.

Тәжірибенің екінші кезеңінің нәтижесі бойынша (көктемгі-жазғы) кезеңде жалпы ақуыздың бастапқы көрсеткіштері бірінші және бақылау тобында физиологиялық мәндерден төмен орналасты және сәйкесінше келесі мәндерді көрсетті  $55 \pm 0,4$  г/л и  $58 \pm 0,1$  г/л. Екінші тәжірибелік топтың бұзауларында жалпы ақуыздың мөлшері физиологиялық мәндерге сай келді және  $65 \pm 0,5$  г/л құрады.

Цеолит берілгеннен кейін бір айдан соң екі тәжірибелік топта да жалпы ақуыздың мөлшері тұрақты түрде 25% және 7%-ға жоғарылап, тәжірибенің соңына қарай сәйкесінше  $69 \pm 0,25$  г/л ( $P < 0,05$ ) және  $70 \pm 1,0$  ( $P < 0,05$ ) құрады.

Бақылау тобының бұзауларында жалпы ақуыздың деңгейін зерттеу жұмысының барысында толықтай зерттеу кезінде физиологиялық мөлшерден төмендегенін байқадық және тәжірибенің соңында  $58 \pm 0,15$  г/л құрады.

Жалпы ақуыздың орташа топтық көрсеткіштері барлық зерттеу жұмысының барысында тәжірибелік топтарға қарағанда бақылау топтарында тұрақты түрде төмен болды ( $P < 0,05$ ).

Қан сарысуындағы жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың мөлшері ағзадағы түрлі патологиялық үрдістер мен физиологиялық факторлардың әсерінен түрлі өзгерістерге ұшырайды [4].

2 кесте – Бұзаулардың қан сарысуындағы жалпы кальциймен бейорганикалық фосфордың көрсеткіші ( $M \pm m, n = 6$ ) ммоль/л

Зерттеу топтары	Зерттеу					
	1-шітәжірибелік саты			2-шітәжірибелік саты		
	Бірінші тәжірибелік топ					
	1	2	3	1	2	3
Жалпы Са	$2,12 \pm 0,01$	$3,38 \pm 0,2$	$3,4 \pm 0,01$	$2,1 \pm 0,1$	$2,5 \pm 0,01$	$3,0 \pm 0,01$
Бейорган. Р	$1,2 \pm 0,2$	$1,5 \pm 0,01$	$1,6 \pm 0,1$	$1,2 \pm 0,1$	$1,4 \pm 0,1$	$1,5 \pm 0,1$
Са: Р	1:0,1	1,69: 0,75	1,7: 0,8	1,05: 0,2	1,25: 0,7	1,5: 0,75
Зерттеу топтары	Зерттеу					
	1-шітәжірибелік саты			2-шітәжірибелік саты		
	Екінші тәжірибелік топ					
	1	2	3	1	2	3
Жалпы Са	$2,73 \pm 0,06$	$3,12 \pm 0,22$	$3,3 \pm 0,1$	$3,0 \pm 0,01$	$3,1 \pm 0,1$	$3,2 \pm 0,1$
Бейорган. Р	$1,4 \pm 0,05$	$1,6 \pm 0,1$	$1,7 \pm 0,2$	$1,6 \pm 0,1$	$1,6 \pm 0,1$	$1,7 \pm 0,1$
Са: Р	1,36: 0,7	1,56: 0,8	1,65: 0,85	1,5: 0,8	1,55: 0,8	1,6: 0,85
Зерттеу топтары	Зерттеу					
	1-шітәжірибелік саты			2-шітәжірибелік саты		
	Бақылау тобы					
	1	2	3	1	2	3
Жалпы Са	$2,38 \pm 0,06$	$2,22 \pm 0,03$	$2,1 \pm 0,2$	$2,1 \pm 0,05$	$2,0 \pm 0,5$	$2,0 \pm 0,01$
Бейорган. Р	$1,1 \pm 0,01$	$1,1 \pm 0,1$	$1,0 \pm 0,1$	$1,1 \pm 0,1$	$1,0 \pm 0,1$	$1,0 \pm 0,5$
Са: Р	1,19: 0,55	1,1: 0,55	1,05: 0,5	1,05: 0,55	1,0: 0,5	1,0: 0,5

2-ші кестеден байқағанымыздай тәжірибелік кезеңнің басында (күз-қыс) қан сарысуындағы жалпы кальцийдің деңгейі бірінші тәжірибелік топта  $2,12 \pm 0,01$  ммоль/л, екінші тәжірибелік топта  $2,73 \pm 0,06$  ммоль/л және бақылау тобында  $2,38 \pm 0,06$  ммоль/л құраған.

Цеолитті қосып беру арқылы азықтандырған кезде жалпы кальцийдің мөлшерінде айтарлықтай өзгешеліктер пайда болды. Мысалы бірінші тәжірибелік топтың бұзауларында жалпы кальцийдің мөлшері бастапқы мәліметтермен салыстырғанда  $1,26$  ммоль/л - 59% ( $P < 0,05$ ) өзгеріп,  $3,38 \pm 0,13$  ммоль/л құрады, ал бақылау тобының бұзауларында жалпы кальцийдің мөлшері бұрынғыша физиологиялық мөлшерден ( $2,22 \pm 0,3$  ммоль/л) төмен деңгейде қалды, бұл көрсеткіш бірінші тәжірибелік топтың көрсеткіштерімен салыстырғанда 45% төмен болды (2 кесте).

Жалпы кальцийдің көрсеткіштері екінші тәжірибелік топта (клиникалық сау бұзауларда) тәжірибенің соңында шамалы көтеріліп, бастапқы мәліметтермен салыстырғанда 14%ға көбейді  $0,39$  ммоль/л - 14% және тәжірибелік кезеңнің соңында  $3,2 \pm 0,1$  ммоль/л құрады.

Зерттеу кезеңінің барысында тәжірибелік бұзаулардың қанындағы бейорганикалық фосфордың мөлшері тұрақты түрде көбейді. Мысалы, бірінші тәжірибелік топтың бұзауларында тәжірибенің соңында бастапқы мәліметтерге қарағанда  $0,3$  ммоль/л ( $P < 0,001$ ) көбейіп, тәжірибенің соңында  $1,7 \pm 0,2$  ммоль/л құрады. Екінші тәжірибелік топтың бұзауларында бейорганикалық фосфордың деңгейі бастапқы деңгейінде қалды. Бақылау тобының бұзауларында бейорганикалық фосфордың мөлшері тұрақты түрде физиологиялық шегінен төмен деңгейде қалды ( $1,0 \pm 0,1$  ммоль/л).

Тәжірибенің екінші кезеңінің нәтижелері (көктемгі-жазғы кезеңде) көрсеткендей, жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың бастапқы көрсеткіштері бірінші тәжірибелік топ пен бақылау тобының жануарларында физиологиялық шектерінен төмен болған. Екінші тәжірибелік топтың бұзауларында жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың мөлшері физиологиялық шамасына сай келген және сәйкесінше  $3,0 \pm 0,01$  ммоль/л,  $1,6 \pm 0,1$  ммоль/л. құрады.

Табиғи цеолитпен қосымша азықтандырудан кейін жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың мөлшері тұрақты түрде өзгеріп, тәжірибенің соңында бірінші тәжірибелік топтың бұзауларында  $3,0 \pm 0,01$  ммоль/л ( $P < 0,05$ ) және  $1,5 \pm 0,1$  ммоль/л ( $P < 0,05$ ) құрады, бұл көрсеткіштер бастапқы мәліметтерге қарағанда 45% және 20% жоғары болып келеді.

Екінші тәжірибелік топтың бұзауларында жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың мөлшері тәжірибенің соңына таман шамалы өзгерді де, физиологиялық қалыпты шектер аясында қалды ( $3,2 \pm 0,1$  ммоль/л және  $1,7 \pm 0,1$  ммоль/л). Жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың деңгейі бақылау тобының бұзауларында тәжірибе жүргізу барысында физиологиялық шектерден төмен орналасты және тәжірибенің соңында сәйкесінше  $2,0 \pm 0,1$  ммоль/л және  $1,0 \pm 0,5$  ммоль/л құрады.

Жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың көрсеткіштері арасындағы айырмашылығы көп жағдайда бірінші тәжірибелік топ пен бақылау тобының жануарлары арасында болды және зерттеу жұмысының соңында бірінші тәжірибелік топтың басымдығымен 50% және 45% құрады. Кальций мен фосфордың арақатынасы зерттеу кезінде 2:1 құрады.

Осылайша табиғи цеолитті 20 г мөлшерінде қолдану бұзаулардың қан құрамындағы жалпы кальций мен бейорганикалық фосфордың мөлшеріне айтарлықтай әсер берді.

Тәжірибелік кезеңнің басында бірінші және бақылау тобының бұзауларында глюкозаның көрсеткіштері физиологиялық мөлшерден төмен болды және сәйкесінше  $2,03 \pm 0,1$  ммоль/л және  $2,0 \pm 0,1$  ммоль/л құрады (3 кесте).

3 кесте – Бұзаулардың қан сарысуындағы глюкозаның көрсеткіші ( $M \pm m$ ,  $n = 6$ ), ммоль/л


Зерттеу топтары	Зерттеу					
	1-шітәжірибелік саты			2-шітәжірибелік саты		
	1	2	3	1	2	3
Бірінші тәжірибелік топ	$2,03 \pm 0,1$	$3,1 \pm 0,09$	$3,2 \pm 0,1$	$2,0 \pm 0,1$	$3,2 \pm 0,07$	$3,2 \pm 0,15$
Екінші тәжірибелік топ	$3,38 \pm 0,16$	$3,0 \pm 0,2$	$3,3 \pm 0,18$	$3,3 \pm 0,2$	$3,3 \pm 0,14$	$3,4 \pm 0,25$
Бақылау тобы	$2,0 \pm 0,1$	$1,6 \pm 0,11$	$1,5 \pm 0,1$	$2,0 \pm 0,11$	$1,4 \pm 0,11$	$1,4 \pm 0,11$

3-ші кестеденбайқағанымыздай бірінші тәжірибелік топтың бұзаулардың азығына табиғи цеолитті қосып берген кезден бастап бір ай өткен соң глюкозаның мөлшері тұрақты түрде 18%-ға көтеріліп, тәжірибенің соңында бастапқы мәліметтерден 22%-ға асып түсті. Екінші тәжірибелік топтың бұзауларында глюкозаның мөлшері тәжірибе жүргізу барысында айтарлықтай өзгеріске ұшырамады ( $P>0,01$ ).

Табиғи цеолит берілмеген бақылау тобының бұзауларында қан құрамындағы глюкозаның мөлшері тәжірибенің соңында тұрақты түрде 46%ға төмендеді және  $1,5\pm 0,1$  ммоль/л ( $P< 0,05$ ) құрады. Топтар арасындағы айырмашылығы бірінші тәжірибелік және бақылау топтарының арасында 50% құрап, бірінші тәжірибелік топтың басымдығымен ерекшеленді.

Екі тәжірибелік топтың көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылығы екінші тәжірибелік топтың 3% артықшылығымен ерекшеленді.

Көктемгі-жазғы мезгілде (тәжірибенің екінші сатысында) глюкозаның бастапқы көрсеткіштері бірінші және бақылау топтарында бірдей болды және физиологиялық көрсеткіштерінен төмен орналасып, сәйкесінше  $2,0\pm 0,1$  ммоль/л және  $2,0\pm 0,11$  ммоль/л құрады. Екінші тәжірибелік топтың бұзауларында қан құрамындағы глюкозаның мөлшері физиологиялық көрсеткіштеріне сай келді және  $3,3\pm 0,2$  ммоль/л құрады (2 сурет).



Δ – бақылау тобы; □ – I тәжірибелік тобы; ◇ -II тәжірибелік тобы

2 сурет – Бұзаулардың қан сарысуындағы глюкозаның көрсеткіші

Әрі қарай табиғи цеолитті емдік мақсатта берген кезде бірінші тәжірибелік топтың жануарларында екінші қайтара зерттеу нәтижесінде глюкоза мөлшерінің 55%-ға, ал үшінші қайтара зерттеген кезде 3%-ға көтерілгенін байқадық. Бақылау тобының бұзауларында глюкозаның көрсеткіші тұрақты түрде төмендеп, зерттеу жұмысының соңында  $1,4\pm 0,11$  ммоль/л құрады.

Табиғи цеолит сақтандыру мақсатында берілген екінші тәжірибелік топтың бұзауларында глюкозаның мөлшері екінші қайтара зерттеу кезінде 3%, ал үшінші қайтара зерттеу кезінде 4% өзгерді.


Бірінші тәжірибелік топ пен бақылау топтарының көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылық үшінші қайтара зерттеу кезінде бірінші топтың 67%-дық артықшылығымен сипатталды.

Екі тәжірибелік топтың көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылық бірінші зерттеу кезінде жоғары болып, екінші тәжірибелік топтың 35% -дық артықшылығымен ерекшеленді.

Алмасу үрдістерінің жағдайын бағалау кезінде қан сарысуындағы А дәруменінің мөлшерінің алатын орыны ерекше. Зерттеу жұмысының нәтижелері 4 кестеде берілген (4 кесте, 3 сурет).

4 кесте – Бұзаулардың қан сарысуындағы А дәруменінің көрсеткіші ( $M \pm m, n = 6$ ), мкмоль/л

Зерттеу топтары	Зерттеу					
	1-шітәжірибелік саты			2-шітәжірибелік саты		
	1	2	3	1	2	3
Бірінші тәжірибелік топ	$0,7 \pm 0,08$	$0,9 \pm 0,1$	$1,2 \pm 0,02$	$0,6 \pm 0,01$	$0,8 \pm 0,1$	$0,9 \pm 0,25$
Екінші тәжірибелік топ	$0,9 \pm 0,1$	$0,9 \pm 0,02$	$1,1 \pm 0,1$	$0,8 \pm 0,1$	$0,9 \pm 0,02$	$1,1 \pm 0,1$
Бақылау тобы	$0,7 \pm 0,1$	$0,7 \pm 0,1$	$0,6 \pm 0,04$	$0,7 \pm 0,05$	$0,6 \pm 0,01$	$0,5 \pm 0,03$



Δ – бақылау тобы; □ – I тәжірибелік тобы; ◇ – II тәжірибелік тобы

3 сурет – Бұзаулардың қан сарысуындағы А дәруменінің көрсеткіші

4-ші кесте, 3-ші суреттен байқағанымыздай, бірінші және бақылау тобының бұзауларында А дәруменінің мөлшері тәжірибенің бастапқы сатысында физиологиялық көрсеткіштерден төмен орналасты және гиповитаминозбен сипатталғанын байқаймыз.

Табиғи цеолит берілгеннен кейін бір айдан соң бірінші тәжірибелік топта А дәруменінің мөлшері тұрақты түрде  $1,2 \pm 0,02$  мкмоль/л-ге көтерілді, бұл бастапқы мәліметтерден 29%-ға жоғары ( $P < 0,001$ ). Бақылау тобының бұзауларында А дәруменінің мөлшері төмендеп отырды



және тәжірибенің соңында  $0,6 \pm 0,04$  мкмоль/л құрады, бұл бастапқы мәліметтерден 15%-ға төмен.

Тәжірибелік топтар арасында барлық зерттеу жұмысының басында А дәруменінің көрсеткіші бойынша айырмашылықтар екінші және үшінші қайтара зерттеу нәтижесі бойынша тұрақты болды. Екі тәжірибелік топтардың көрсеткіштеріндегі айырмашылығы бірінші зерттеу кезінде  $0,2$  мкмоль/л құрады және екінші қайтара зерттеу кезеңінде  $0,5$  мкмоль/л құрады.

Тәжірибенің екінші кезеңінің көрсеткіштерін талдай келе тәжірибелік және бақылау топтарының қан сарысуындағы А дәруменінің мөлшері туралы бастапқы мәліметтер физиологиялық шекті мөлшерлерден төмен орналасқанын көреміз (4 кесте).

Цеолитпен қосымша азықтандырудан соң бұзаулардың қан сарысуындағы А дәруменінің мөлшері тұрақты түрде көтеріліп, тәжірибенің соңында бірінші тәжірибелік топтың бұзауларында  $0,90 \pm 0,25$  мкмоль/л ( $P < 0,05$ ) құрады, бұл көрсеткіш бастапқы мәліметтерге қарағанда 30%-ға жоғары.

Рацион құрамына табиғи цеолитті қосып беру екінші тәжірибелік топтың бұзауларында да А дәруменінің мөлшерін тұрақтандырды. Аталған көрсеткіш зерттеу жұмысының соңында 37%-ға ( $P < 0,05$ ) көтеріліп  $1,1 \pm 0,1$  мкмоль/л құрады.

Табиғи цеолит берілмеген бақылау тобының бұзауларында А дәруменінің мөлшері 20%-ға ( $P < 0,05$ ) азайды және зерттеу жұмысының соңында  $0,50 \pm 0,03$  мкмоль/л құрады.

А дәруменінің орташа топтық көрсеткіші барлық зерттеу жүргізу кезеңінде бақылау топтарында зерттеу жүргізілген топтарға қарағанда 28% ( $P < 0,05$ ) төмен болды.

Бірінші және екінші тәжірибелік топтарды үшінші қайтара зерттеу нәтижесі бойынша А дәруменінің мөлшеріндегі айырмашылық екінші топтың 22%-дық басымдығын көрсетті. Сонымен қатар бірінші тәжірибелік топ пен бақылау тобының арасында А дәруменінің мөлшері бойынша тұрақты айырмашылығы 70%-ды ( $P < 0,001$ ) құрады.

Осылайша цеолитті қолдану А дәруменінің мөлшеріне айтарлықтай әсерін тигізді. Бұл жағдайды паратироидтық гормондардың белсенділігінің артуы салдарынан тотығу-тотықсыздану үрдістерінің күшеюуі, сол арқылы азықтың құрамындағы А дәруменінің сіңірілуінің жоғарылауына септігін тигізуімен түсіндіруге болады.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу нәтижелері бұзаулардың күнделікті рационына 20 г мөлшерінде цеолитті қосып беру жақсы терапевтикалық әсер беретінін көрсетті, бұл нәтижесі жалпы ақуыздың, кальций мен бейорганикалық фосфордың, глюкозаның және А дәруменінің мөлшеріндегі өзгерістерден байқалады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Шадрин А.М. Цеолиты в животноводстве / А.М. Шадрин.– Новосибирск, 1986. – 24 б.
- 2 Левченко В.И. Клиническая патофизиология :учебник для мед.вузов. –М. – 1987.– 15 б.
- 3 Шанин В.Ю. Клиническая патофизиология. – М.: Агропромиздат, 1998. – 18 б.
- 4 Шарабрин И.Г., Полякин В.В. Диспансеризация и ее этапы в создании здоровых стад животных // Ветеринария, 1966. – №5. – 54- 58 б.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье приведены результаты исследований влияния на биохимические показатели сыворотки крови природного цеолита, применяемого при лечении и профилактике рахита телят.

#### **RESUME**

This article is about the research results of influence of serum of natural zeolite blood on biochemical indicators, used in the treatment and prevention of rickets of calves

ӘОК: 619:616.995.121 (574.1)

**Д. Т. Тажбаева**<sup>1</sup>, магистрант ,

**К. Е. Мурзабаев**<sup>1</sup>, ветеринария ғылымдарының кандидаты,

**Е. Қ. Туяшев**<sup>2</sup>, ветеринария ғылымдарының кандидаты,

**Р. С. Сабилов**<sup>1</sup>, магистрант

<sup>1</sup>Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

<sup>2</sup>«Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасы» Орал қ., ҚР

## **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЛАРВАЛДЫ ЭХИНОКОККОЗДЫҢ ТАРАЛУЫ**

### **Аннотация**

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысындағы эхинококкоздың таралу аймағы көрсетілген. Инвазиялық аурулардың экономикалық және әлеуметтік зияны қарастырылған.

*Түйін сөздер: инвазия, протозооздар, гельминтоздар, эхинококкоз*

**Кіріспе.** Инвазиялық аурулар барлық жерде таралып дүние жүзі елдерінің бәрінде тіркелген. Үй және жабайы малдардың барлығы да осы аурулармен ауырады. Инвазиялық аурулардың экономикалық және әлеуметтік зияны орасан зор.

- Малдың жаппай қырылуы, бірінші кезекте мал төлінің әсіресе протозооздарда (пироплазмидоздар, тейлериоздар, эймериоздар және т.б.), гельминтоздарда (диктиокаулез, мониезиоз, фасциолез тағы с.с.) байқалуы;

- Ет, сүт, жұмыртқа, жүн өнімділігінің азаюы және олардың тауарлық, қоректік сапаларының күрт төмендеуі.

**Өзектілігі.** Қойлардың гельминтоздарының ішінде, қазіргі уақытта, ең көп тарағаны – эхинококкоз.

Эхинококкоз (гидатидоз) – *Echinococcus granulosus* цестодасының балаңқұрт сатысы тудырған созылмалы ауруы.

Ларвалды эхинококкозға 60 жуық сүт қоректілердің: қой, ірі қара мал, жылқы, есек, шошқа, зебу, кодас, буйвол, елік, сайғақ, бұғы және т.б. түрлері, сонымен бірге адам мен маймыл бейім.

Аралық иелерінде ларвоцисталар бауырда, талақта және кейде басқа ұлпалар мен мүшелерде (кейде тіпті сүйек пен тарамыста) дамиды. Қазақстанның барлық аймағында жылдың барлық мезгілдерінде кездесіп, қой шаруашылығының дамуына үлкен зиян келтіреді. Сондықтан эхинококкозды зерттеу жұмыстары қазіргі уақытта жалғасуда, осы ретте әртүрлі препараттар сыналып, олардың экстенс және интенс тиімділіктері анықталып, өндіріске ғылыми ұсыныстар дайындалып, енгізілуде.

Эхинококкоздың таралу жиілігіне байланысты Қазақстан территориясын шартты үш аймаққа бөлген. Эхинококкоздың ең көп тараған аймағына Батыс Қазақстан облысында енеді (2000-2009 жылдар С.О. Ордабеков деректері бойынша) 1-ші суретте қарастырылған.

Батыс Қазақстан облысында эхинококкоз індетінің таралуын аудандарға бөліп көрсек, мынаған көзіміз жетеді.

Тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің статистикалық талдауларының нәтижелері бойынша, адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының таралу деңгейі анықталды.



1 сурет – 2000-2009 жылдар С.О. Ордабеков деректері бойынша

Соңғы төрт жылда облысымыз бойынша адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының 2011-2015 жылдармен салыстырғанда төмендегені байқалып отыр, алайда бұл мүлдем жоқ деген сөз емес. (кесте-1).

1 кесте – БҚО бойынша адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының таралуы 2011 – 2015 жж.

№	АУДАНДАР	ЭХИНОКОККОЗ				
		2011	2012	2013	2014	2015 (8 айы)
1	Акжайық	1	3	2	0	2
2	Бөкейорда	0	0	0	0	0
3	Бөрлі	0	0	0	0	0
4	Жаңақала	1	1	0	0	0
5	Жәнібек	2	2	2	0	0
6	Зеленов	2	4	2	0	0
7	Қазталов	3	2	1	2	0
8	Қаратөбе	1	1	3	2	1
9	Сырым	4	2	2	0	0
10	Тасқала	0	0	0	0	0
11	Теректі	3	7	2	2	1
12	Шыңғырлау	0	3	0	0	0
13	Орал қаласы	22	11	11	6	3
<b>Облыс бойынша</b>		<b>39</b>	<b>36</b>	<b>25</b>	<b>12</b>	<b>7</b>

Адам ағзасындағы эхинококкоздың ең көп тараған мүшесі бұл бауыр – 54,24% екендігі көрсетілсе, қалған мүшелерде таралуы шамамен суретке сәйкес, өкпеде – 26,1%, бүйректе – 4,0%, көк бауырда – 2,3%, ішекте – 1,5%, жүректе – 1,4%, сүйек, ми және бұлшықетте – 0,8%, қалқанша безде – 0,3% болатындығы көрсетілген.

Батыс Қазақстан облысының шаруашылық бағыты – мал шаруашылығы. Мал шаруашылығы кешені негізінен ірі қара шаруашылығы мен қой шаруашылығынан тұрады. Көптеген зерттеулердің нәтижесі бойынша, мал шаруашылығы жануарларында эхинококкоз өте көп кездеседі.

Батыс Қазақстан облысында мүйізді ірі қара 16,0-75,0%, қойлар 16,2-53,7%, шошқалар 2,9-21,7%, түйелер 21,8-70,0% шамасында залалданғаны зерттелген.

М.Ш.Шалменовтың мәлімдегеніндей, облыс аумағында эхинококкоздың тұрақты ошағы төмендегідей белгіленді:

1. Облыс аумағында ауру ошағы тіркеліп, онда 100 мың халықтың жыл сайын 30-дан астам адамы осы ауруға шалдығады. Осындай ауру ошағына жататыны – Тасқала ауданы;

2. 30% аумағының тұрақты ошағына жататыны (орта есеппен жылына 12 адам ауырады): Қаратөбе, Сырым, Шыңғырлау аудандары;

3. 20% аумағының тұрақты ошағына жататыны: Ақжайық, Бөрлі, Зеленов, Теректі аудандары және Орал қаласы.

Аумақта эхинококкоздың тұрақсыз ошақтарына жататыны: Бөкейорда, Жаңақала, Жәнібек, Қазталов аудандары. Мұнда 100 мың халыққа орташа көрсеткіші 0,5-4,0%.

Батыс Қазақстанда соңғы жылдары жүргізілген зерттеу деректері бойынша тіркелгені: 2340 қойды тексергенде эхинококкозға шалдыққаны 655, яғни 28%. 3120 ірі қараны тексергенде эхинококкозға шалдыққаны 47, яғни 9% көрсетілген.

Батыс Қазақстан облысының түрлі аудандарында 2223 бас қой, 783 бас мүйізді ірі қара және 79 бас шошқа эхинококкозбен зақымданған. Ересек мүйізді ірі қараның инвазия экстенсивтілігі 12,5%-дан 57,7%-ға дейін, 1 жасқа дейінгі шошқаларда 25,3%-ға дейін болса, 3-4 жастағы қойларда ауруға шалдығу 7,8-ден 68,2% аралығында болғаны анықталған.

Эхинококктың мал ағзасында 7-8 жыл өмір сүретінін есепке алсақ, осы кеселден ауылшаруашылық саласы көптеген экономикалық шығынға ұшырайтынын көпшіліктің біле бермейтіні өкінішті.

Атап айтқанда, эхинококкозға душар болған әр 100 саулық қойдан 12 төл кем алынып, әр қойдан 200 г жүн аз қырқылып, сойылған әр қойдан 2,2 килограмм ет кем алынады екен. Бұл ауруға ұшыраған сиыр сүтті екі есе аз беретіні белгілі.

Эхинококкоз адам денсаулығына да елеулі зиян келтіруде. Онымен ауырған әрбір адамды емдеу үшін орта есеппен 1 500 000 нан аса қаражат керек екен. Оған қоса сырқаттың жан қиналысын, жақындарының көңіл-күйін, олардың күйзелісін қосыңыз. Қанша адам денсаулығын жоғалтып, мүгедектер санына қосылады. Кейбір адамдардың кеселі қайталанып, қайтадан екі-үш рет операция столына түсіп жатады. Сондықтан, эхинококкозды жәй ғана кесел деп санап, оған жеңіл-желпі қарау түсінбеушілік болады.

Шаруашылық шығындары малдың өлімінен, ет, сүт, жүн өнімдерінің төмендеуінен және жас малдың өспеуінен туындайды. Бұл мәселені зерттеу 60 жылдардан басталған. Шығынды есептеуге байланысты алғашқы жұмыстар ет өнімдерімен эхинококкоз жұқтырған ауру мүшелердің массасын салыстыру жолымен жүргізілді. Эхинококкоз малдың семіздігін төмендететіндігі анықталды.

**Әдістер мен материалдар:** Капрологиялық зерттеу, Фюллеборн әдісі. Еткоректілер гельминттер фаунасын жануарлардың ішек-қарын жолдарын толық гельминтологиялық К.И. Скрябиннің зерттеу әдісімен анықтадық. Қарындағы заттарды реттік шаю әдісі арқылы зерттедік.

**Өзіндік зерттеулер.** Эхинококкоздың таралу деңгейін зерттеу жұмыстарын иттердің гельминттерін тексеру арқылы анықтадық. Зерттеу жұмыстары Батыс Қазақстан ғылыми зерттеу ветеринария стансасында Скрябин бойынша толық емес жарып сою арқылы қаламыздың әртүрлі аудандарынан ауланып әкелген бұралқы иттерді жарып сою арқылы жүргізілді. Сойылған иттердің ішектерінен түгелдей эхинококкоз құрттары табылды.

Қаламыздың әртүрлі аймақтарынан ұсталынып әкелінген бұралқы қаңғыбас иттерді толық гельминтологиялық жарып сою (Скрябин К. И.) әдісімен зерттеу барысында ТГЗ нәтижесінде сойылған 10 иттің түгелдей гельминттермен залалданғанын микроскоптың көмегінсіз көрдік. Нәтижесі төмендегі кестеде келтілді (кесте 2).

2 кесте – Иттердің гельминттермен зақымдалуы

Гельминт түрлерінің атаулары	Деркөл ауданы		Зашаған ауданы		Желаев кенті	
	бас	%	бас	%	бас	%
	3	100	3	100	4	100
Тения гидатигена	1	33,3	-		2	50
Мультицепс-мультицепс	1	33,3	-		2	50
Э.гранулезус	3	100	3	100	4	100
Дипилидиум Канинум	3	100	3	100	4	100
Токсокара Канис	3	100	2	67	4	100
Токсаскарис Леонина	2	67	1	33,3	3	75

**Қорытынды.** Эхинококкоз Қазақстан территориясындағы ауыл шаруашылығы малдарының арасында кең таралған. Ауруды жұқтыру бейімділігі солтүстіктен оңтүстікке қарай өсе түсетіндігі байқалады. Мал жасының өсуіне инфекцияның экстенсивтілігіне байланысты екендігі нақты анықталған. Мұндай заңдылық паразиттің физиологиялық дамуына немесе өсуіне қатысты. Семіз мал орташа семіздіктегі малдан гөрі 3-5 есе аз ауыратыны байқалған. Қошқарларға қарағанда саулықтардың эхинококкозбен ауыруы екі есе жоғары. Бұл малдың экологиялық және физиологиялық жағдайына байланысты. Эхинококкоздың экономикалық зияны да едәуір, өйткені мал өнімі көбеймейді, ет, сүт, жүн өнімдері төмендейді және мал басы өспейді. Дегенмен мал өнімі аса байқалмауы мүмкін, өйткені ауру малды сол жерде сояды немесе ет комбинатына өткізеді.

Эхинококкоз адам мен мал денсаулығына едәуір зиян келтіретін елдің экономикасына зиян келтіретін медицина және ветеринарияның маңызды проблемасы болып табылады. Әрбір шаруашылық жыл сайын эхинококкозбен ауыратын 100 қойға байланысты 220 кг ет, 50 бауыр, 30 өкпе, 20 кг жүн және 7-12 қазы ала алмайды. Бұл кезде өмірлік маңызы бар паренхиматоздық органдар-өкпе, бауыр, ми және т.б. бүлінеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Сулейменов М.Ж., Серикбаев Б.К., Кереев Я.М. и др. Основные гельминтозы овец и меры борьбы с ними в Республике Казахстан : рекомендации. – Алматы, 2006. – 5 с.
- 2 Аманжол Р.А. Возрастная и сезонная динамика ассоциативных инвазий овец в Западно-Казахстанской области : матер. Междунар.науч.-практ.конф. «Актуальные проблемы современной ветеринарии», посвященной 65-летию ветеринарной науки Кубани. Часть II. – Краснодар, 2011. – С. 65-68.
- 3 Шалменов М.Ш. Научные основы борьбы с эхинококкозом в Западном Казахстане : автореф. дис.докт.вет. наук. – Алматы, 2009. – 54 с.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье показан ареал распространения эхинококкоза в Западно-Казахстанской области. Дана оценка экономического и социального ущерба от инвазионных заболеваний.

#### **RESUME**

This article describes the spread of echinococcosis in the West-Kazakhstan region. It was given the estimation of the economic and social damage caused by parasitic diseases.



## ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

УДК 622.276.4

**А. А. Баймагамбетов**, магистрант,  
**Л. А. Рахимова**, старший преподаватель,  
**К. А. Нариков**, кандидат технических наук  
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г.Уральск, РК  
[abel2010@mail.ru](mailto:abel2010@mail.ru)

### **ИССЛЕДОВАНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ ОСНОВ МЕТОДА МАГНИТНОЙ ПАМЯТИ МЕТАЛЛА ПРИ ДЕФЕКТОВКЕ ТРУБОПРОВОДОВ**

#### **Аннотация**

Обратная закачка газа позволяет интенсифицировать текущую добычу углеводородного сырья, увеличивать степень извлечения углеводородов путем поддержания пластового давления.

***Ключевые слова:** газ, обратная закачка, скважина, внутринефтепромысловый транспорт, диагностика, магнитная память металла, напряженно-деформированное состояние, надежность.*

Одним из способов увеличения углеводородоотдачи пластов является использование сайклинг-процесса, т.е. способа разработки газоконденсатных месторождений с поддержанием пластового давления посредством обратной закачки газа в продуктивный горизонт.

Особенностью пластовых флюидов газоконденсатных месторождений является возможность выпадения конденсата в пласте, стволе скважин и наземных сооружениях в результате снижения давления и температуры.

Характерным для эксплуатации газоконденсатных месторождений являются многофазность поступающей из скважин продукции и необходимость наиболее полного отделения конденсата.

В связи с этим комплексная разработка газоконденсатных месторождений имеет ряд особенностей по сравнению с разработкой чисто газовых месторождений. В частности, разработка газоконденсатных месторождений должна обеспечивать оптимальные условия работы пласта с точки зрения наиболее полного извлечения конденсата из недр.

Технологический режим работы нагнетательной скважины обуславливается давлением нагнетания (устьевое давление работающей скважины), репрессией на пласт, зависящей от текущего пластового давления, коллекторскими свойствами пласта, и оценивается приемистостью скважины.

Давление нагнетания определяется исходя из величины проектируемого давления на выкиде компрессорной станции, которое составляет 55,0 МПа. Потери давления на трение в коллекторных и выкидных линиях составляют не более 5,0 МПа при приемистости скважин 1,1 млнм<sup>3</sup>/сут. При указанных условиях максимальное давление нагнетания составляет 50-55 МПа в зависимости от удаленности скважины от КСНГ. Фактически давление на устье нагнетательной скважины зависит, при прочих равных условиях (давление нагнетания, удаленность от КСНГ), от приемистости самой скважины. Максимально допустимое

забойное давление нагнетательной скважины ограничивается давлением гидроразрыва пласта, которое оценивается 65,0 МПа. Забойное давление скважины рассчитано по заданному давлению на устье и приемистости скважины, которое складывается из устьевое давления и давления столба газа за вычетом потерь давления на трение.

Газонагнетательная сеть спроектирована для максимальной подачи газа 11 млрд.м<sup>3</sup>/год, с увеличением закачки газа в зависимости от профиля добычи. Система спроектирована для закачки кислого газа. С компрессорной станции нагнетания газа (КСНГ) по пяти коллекторным линиям нагнетания газ доставляется при давлении 55,0 МПа к выкидным линиям. К каждой коллекторной линии подключены от 5 до 7 нагнетательных скважин. К каждой выкидной линии подключена одна нагнетательная скважина. Скважины, расположенные около компрессорной станции, питаются одной линией от манифольда компрессорной станции. Распределение газа по скважинам осуществляется с помощью регуляторов расхода, установленных на газопроводах – шлейфах, идущих к каждой скважине. Расход закачиваемого газа измеряется на выходе манифольда нагнетания в коллекторную линию и на каждой скважине. Габариты коллекторных линий основаны на объемной скорости потока 2,8 млрд.м<sup>3</sup>/год (7,7 млн.м<sup>3</sup>/сут) и выкидные линии на закачку 0,4 млрд.м<sup>3</sup>/год (1,1 млн.м<sup>3</sup>/сут) в каждую скважину. Газопроводы прокладываются в грунте без термоизоляции. Наземные части газопроводов термоизолированы.

Таким образом к трубам, работающим под очень высоким давлением и в агрессивной среде, предъявляются особые требования, для обеспечения бесперебойной надежной подачи газа с длительным сроком эксплуатации в коррозионностойком исполнении.

Поэтому необходимо на основе анализа текущего состояния разработки Карачаганакского месторождения с применением сайклинг-процесса обосновать подбор и оптимальный технологический режим эксплуатации высокопрочных труб для условий высокого пластового давления и агрессивной среды.

Для этого предстоит сделать анализ гидродинамических исследований газонагнетательной сети выявляющих влияние давления нагнетания на прочностные свойства труб и трубопроводной арматуры, а также используя существующие методики неразрушающего контроля и инспекционных техник, провести исследования по оценке целостности трубопровода высокого давления.

Современные техники неразрушающего контроля обеспечивают обнаружение уже существующих дефектов. Но, к сожалению, многие из них неспособны дать адекватную оценку степени дефекта, и, что более важно, не все могут оценить внутренние остаточные механические напряжения, которые являются источником разрушения или деградации материала. Эти напряжения могут достигать в сталях до величины пределов текучести.

Существующие методы эффективно работают лишь в том случае, когда место дефекта четко определено или когда дефект только начинает появляться. Становится ясным, чтобы определить риск коррозии трубопровода на сварных швах, качество сварных швов необходимо учитывать механические свойства стали. Особенно становится актуальной степень точности и достоверности оценки дефекта тогда, когда проходит определенное время эксплуатации трубопровода. Здесь уже важной задачей становится определение остаточного ресурса объекта, целью которого является безопасная эксплуатация и соответствующее техническое состояние.

Опыт эксплуатации средств внутритрубной диагностики и других методов НК показал, что наиболее часто определяются следующие дефекты:

- внешняя и внутренняя общая коррозия;
- язвенная коррозия;
- дефекты сварных швов (непровары);
- дефекты от строительных работ (царапины, задиры);
- утончение стенки.

Соответственно можно выделить несколько общих проблем, которые будут являться критичными для любого трубопровода: коррозия, качество сварного шва и НДС металла или зона концентрации напряжения.

В стадии проектирования и строительства трубопровода имеются точные механические свойства стали. При помощи экспериментов и расчетов можно определить и остаточное напряжение и начальный ресурс трубопровода. Но когда приходит время физического износа трубопровода, тогда точность методов и способы определения остаточного ресурса начинают играть огромную роль. Эти методы неразрушающего контроля и остаточного ресурса, а также методы продления сроков безопасной эксплуатации чаще всего определяют уже деградацию материала. Деградация – это изменение свойств стали, а именно это дефекты, которые воспроизвелись во время эксплуатации из «зародышевого» состояния. Самая главная опасность этого состояния – это его непредсказуемость, невидимость и слабоизученность.

Эта задача становится главной не только в изучении и оценке статической прочности объектов, она становится решающей в изучении и оценке усталостной прочности в связи с локальным характером усталостного разрушения и сильной его зависимости от фактического напряженно-деформированного состояния (НДС) материала.

Бурное развитие современных неразрушающих методов и средств диагностики материалов и конструкций привело к тому, что сейчас отсутствует единый критерий оценки НДС, дефекта или повреждения. Метод внутритрубной диагностики имеет ряд недостатков, которые при ближайшем рассмотрении могут стать критическими [1].

Но самый главный недостаток метода внутритрубной диагностики состоит в том, что он не учитывает НДС материала трубы, которое со временем приведет к разрушению.

Если проанализировать другие методы неразрушающего контроля, то можно сделать следующие выводы:

- Почти все известные в настоящее время методы диагностики, кроме механических, являются косвенными. В принципе, определение свойств материала сводится к измерению изменений неких параметров используемых физических полей. Другими словами, если на исследуемый объект, который обладает некоторыми заранее неизвестными способностями сопротивления внешним воздействиям, оказать воздействие физическим полем, имеющим известные или заданные параметры, то изменения параметров используемого поля, вызванные реакцией объекта, будут представлять "отпечаток" его свойств в области, заданной типом физического поля. При этом, "отголоски" реакции будут видны и в пространствах других полей, но как косвенные "отпечатки", или вторичная реакция. Так, например, если воздействовать тепловым полем, то прямыми характеристиками будут тепловые, а косвенными – механические, электромагнитные и др. Если же воздействовать на объект механическим силовым полем, то прямые характеристики реакции будут относиться к механическим характеристикам, а косвенные проявления можно наблюдать в тепловых, электромагнитных и других полях[1]:

- разнообразие ультразвуковых методов свидетельствует об их потенциально высокой информативности, однако существующие в настоящее время средства используют не более 4-х независимых информативных параметров, также ультразвуковые методы, реализуемые известными техническими средствами, при всем их многообразии, являясь интегральными спектральными или интегральными амплитудно-фазовыми, используются как косвенные методы;

- все известные в настоящее время средства диагностики измеряют лишь некие параметры используемых физических полей, связанные в общем случае не с механическими напряжениями, а с некой совокупностью характеристик НДС материала, причем связанные недостаточно изученными и не всегда монотонными и однозначными закономерностями;

- определение характера и величины методической погрешности измерения характеристик напряженного состояния материала невозможно;

- достоверность и, тем более, точность измерения характеристик напряженного состояния материала неразрушающими физическими методами, приводимые разработчиками средств диагностики, вызывают серьезные сомнения;

- не существует достаточно убедительного экспертного метода оценки правильности определения характеристик напряженного состояния материала неразрушающими

физическими методами.

Проведенный анализ причин недостаточной эффективности использования средств диагностики НДС конструкционных материалов при оценке ресурса сложных технических сооружений показывает их объективность, важнейшим следствием которой в моральном аспекте должно стать справедливое разделение ответственности за отсутствие необходимых средств диагностики свойств материалов между специалистами по прочности и разработчиками методов и средств диагностики. Осознание равенства ответственности, безусловно, сблизит позиции обеих сторон, по сути, решающих одну проблему – обеспечить приемлемые гарантии безопасности объектов, но соединить усилия можно только при конструктивном подходе.

Нам предстоит еще исследовать физические свойства, технические преимущества и недостатки метода магнитной памяти металла (ММПМ) при дефектовке трубопроводов и обосновать подбор и оптимальный технологический режим эксплуатации высокопрочных труб для условий высокого пластового давления и агрессивной среды [2].

Отличия ММПМ от традиционных методов НК (УЗК, рентген и др.):

- ММПМ – это метод ранней диагностики усталостных повреждений и "преддефектного" состояния металла;
- ММПМ – единственный метод, отвечающий на вопрос: "откуда брать пробу металла" при оценке ресурса оборудования;
- ММПМ – второй после акустической эмиссии пассивный метод, при котором используется информация излучения конструкций. При этом ММП, кроме раннего обнаружения дефекта, дополнительно дает информацию о фактическом напряженно-деформированном состоянии (НДС) и позволяет выявить причину развивающегося повреждения;
- При ММПМ-контроле измеряются параметры собственных магнитных полей рассеяния от скоплений дислокации в зонах концентрации напряжений (ЗН) в отличие от других известных магнитных методов, при использовании которых измеряют рассеяния на дефектах искусственно созданных магнитных полей.

Интерес специалистов различных отраслей к принципиально новому магнитному методу неразрушающего контроля в последние годы значительно возрос, несмотря на противоречивые отзывы, которые имеют место при внедрении метода на практике. Объективному восприятию метода мешает сложившаяся психология специалистов дефектоскопии – поиск и нахождение конкретного дефекта. Однако многие специалисты уже понимают, что более опасным во многих случаях (особенно после длительной эксплуатации оборудования) является преддефектное состояние металла (когда на уровне структуры произошли необратимые изменения) и повреждение из-за усталости металла может произойти внезапно и, как правило, в тех зонах, где оно не ожидается.

Уровень чувствительности традиционных методов НК не позволяет выявить преддефектное состояние металла. Именно на решение этой задачи направлена методология контроля, использующая магнитную память металла. Интерес к методу обусловлен также нерешенными проблемами, которые возникают на практике при обеспечении надежности и определении ресурса оборудования. Традиционные методы НК напряженно-деформированного состояния оборудования (рентген, УЗК, тензометрирование и др.) оказались малоэффективными при широком их внедрении на практике.

Сложившаяся конъюнктура мирового рынка этих товаров благоприятно влияла на интенсивное развитие производства сырьевых ресурсов в Республике Казахстан и их экспорт позволил преодолеть экономический кризис в стране, обеспечить за последние шесть лет высокие темпы экономического роста.

Государство сумело привлечь иностранные инвестиции в сырьевые отрасли промышленности, осуществить структурно-институциональные преобразования в финансовой сфере, накопить значительные финансовые ресурсы и на этой основе удалось поднять уровень жизни, перейти к осуществлению индустриально-инновационной стратегии и стратегии достижения устойчивого экономического роста.

С этими стратегиями непосредственно связана реализация стратегической задачи по вхождению Казахстана в состав 30 наиболее развитых стран мира.

Для создания необходимых условий достижения этой задачи, на наш взгляд, нашей стране предстоит решить ряд проблем.

В первую очередь, следует преодолеть сырьевую однобокость экономики, которая не может обеспечить устойчивый экономический рост страны в виду большой его зависимости от изменения конъюнктуры на мировых рынках сырья.

Пополнение мировых переходящих запасов в следующем сезоне будет не столь значительным, как можно предположить, исходя из увеличения урожая, поскольку мировое потребление пшеницы резко вырастет (таблица 5).

Таблица – Мировой баланс производства и потребления пшеницы, млн. тонн

Показатели	Маркетинговый год			
	2012/13	2013/14	2014/15	2014/15 в % к 2012/13
Производство				
Торговля	596,7	605,1	658,0	8,7
Потребление, в т.ч.	113,1	110,0	110,5	0,4
- для продовольственных целей	620,6	618,1	634,8	2,7
- для фуражных целей	442,3	445,5	452,1	1,5
Прочее	113,0	109,2	118,6	7,8
Конечные запасы	65,3	63,4	64,1	1,1
	159,5	144,5	167,6	8,1

Как видно из статистических данных таблицы 5, мировое потребление пшеницы подскочит на 17 млн. тонн и достигнет 634,8 млн. тонн, продемонстрировав резкий рост впервые с 2012/2013 маркетингового года.

Фуражное использование пшеницы значительно увеличится в США, Австралии, Китае и ЕС до 118,6 млн. тонн, отношение конечных запасов продовольственной и фуражной пшеницы к потреблению вырастет с 22,88 % до 26,4 %.

Крупнейшие мировые страны-экспортеры в текущем маркетинговом году значительно пополнят конечные запасы продовольственной и фуражной пшеницы до максимального уровня. Так, например, в США – крупнейшей экономике мира – переходящие конечные запасы продовольственной и фуражной пшеницы в 2015 году значительно вырастут на 6,5 млн. тонн, в Европейском Союзе – на 5,5, в Австралии – на 3,3, в Канаде – на 2,0 млн. тонн.

Именно, поэтому отмеченные выше высокие темпы экономического роста нашей страны за последние годы (2007-2014 гг.) имеют неустойчивый характер, что связано с последствиями затянувшегося финансового кризиса, подвержены значительному колебанию в пределах от 13,5 % в 2007 году и уменьшению до 9,4 % в 2014 году.

Вместе с тем, значительные доходы от сырьевых отраслей порождают признаки так называемой «голландской болезни», а их высокая рентабельность превращает инвестиции в обрабатывающую промышленность непривлекательные [7].

В результате этого сырьевая однобокость экономики еще больше усиливается, превращая страну в сырьевой придаток развитых стран, увеличивая экономическую уязвимость, зависимость от импорта, валютное давление на отечественную финансовую систему и неконкурентоспособность.

Например, благодаря действиям правительства в виде финансово-кредитной политики удельный вес сельского хозяйства в агропромышленном производстве Республики Казахстан за 2007-2014 гг. значительно увеличился с 40,4 % до 58,6 %.

Поэтому целесообразно коренным образом изменить экономический и хозяйственный механизм, усилить стимулирование притока отечественных и зарубежных инвестиций, достижений научно-технического прогресса в сельскохозяйственную отрасль и обрабатывающую промышленность, направив накопленные финансовые ресурсы в стране на инновационное развитие передовых почвозащитных, экологически-чистых, ресурсо- и энергосберегающих технологий сельского хозяйства, обрабатывающей индустрии, на кластерное развитие экономики, чтобы поставлять на экспорт не сырьевые товары, а конкурентоспособные готовые к употреблению товары с высокой добавленной стоимостью.

Проведено теоретическое обоснование стратегического развития и новое концептуальное решение научных задач, касающихся комплекса проблемных вопросов экономической эффективности производства зерна, конкурентоспособности его на рынке, а также в сфере государственной поддержки аграрного производства в Казахстане в рамках условий и требований Всемирной торговой организации.

В результате проведенных научных исследований в 2011-2014 гг. на базе кафедры менеджмента Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана нами сделаны следующие научные и практические выводы:

1. Конъюнктура мирового рынка зерна показывает направления развития национальных интересов с учетом складывающейся обстановки связанной с мировым финансовым кризисом. Показатель изменения благосостояния потребителей является наиболее сконцентрированным и поэтому по 2 и 4 сценарию позитивное положение соответственно – 0,1 % и - 0,02 %, что способствует формированию лучшей обстановки на аграрном рынке.

2. Факторы повышения конкурентоспособности производства зерна позитивно влияют на диалектические процессы, происходящие в мировой экономике. Мировое потребление пшеницы подскочит на 17 млн. тонн и достигнет 634,8 млн. тонн, продемонстрировав резкий рост впервые с 2012/2013 маркетингового года.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Гешель В. Направления снижения издержек в сельхозорганизациях // АПК: Экономика, управление. – 2011. – №1. – С. 35-41.
- 2 Чередникова А. развивать земельно-ипотечное кредитование // АПК: Экономика, управление. – 2012. – №1. – С. 48-50.
- 3 Серков А. Концептуальные подходы к прогнозированию развития сельского хозяйства // АПК: Экономика, управление. – 2013. – №2. – С. 8-12.
- 4 Гриднева Е.Е. Значение показателя «Рациональное использование ресурсов» для определения эффективности инновационных проектов // Транзитная экономика. – 2013. – №3-4. – С. 16-23.
- 5 Сейдахметов А.С. Антикризисные меры государства по обновлению аграрного сектора экономики Казахстана // Транзитная экономика. – 2009. – №2. – С. 37-45.
- 6 Бойко И. Технологические инновации и инновационная политика // Вопросы экономики. – 2013. – № 2. – С. 47-56.
- 7 The Economic Impact of Counterfeiting and Piracy / OECD, Paris. – June, 2010. – 397 p.

#### **ТҮЙІН**

Ауыл шаруашылығының даму стратегиясы, астық өндіру және тұтыну әлемдік балансы, кедендік-тарифтік саясаты барлық нұсқалардың арқасында экономикалық агенттерінің әлауатының өзгеруі, сұраныс және ұсыныс көрсеткіштері мақалада қарастырылған.

#### **RESUME**

The article discusses the strategy for agricultural development, the global balance of production and consumption of grain, welfare change of economic agents in different types of customs and tariff policy, supply and demand indicators.

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТАРИХ

ӘЖК 323 – 057.341

**М. М. Тналиев**, аға оқытушы, гуманитарлық ғылым магистрі  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Мақалада Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды құрудағы тарихи рөлі мен еліміздің әлемдік қауымдастықтағы беделін арттыру бағытында жүргізген саяси миссиясы жан-жақты қарастырылған.

*Түйін сөздер: тұңғыш Президент, тарихи рөлі, ел, ел басқару, тәуелсіздік.*

Ел басқаратын азаматтардың, хандар мен бектердің қандай болмағы жайында аз айтылмаған. Қарахан дәуірінде Шу өңірінде өмір сүрген Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнның «Құтты білік» дастанында да бұл турасында жақсы жазылған. Дастанның бас кейіпкері ретінде қара қылды қақ жарған әділдіктің бейнесі – Күнтолды патшаны алуы да тегін емес.

- Елбасы әділ, ақыл-парасатты, ой-танымы кемел, өнер-білімге жетік, көзі майда, мінезі жұмсақ, кісі алдында кішік, сабырлы, жаудан қайтпайтын қайсар, қолы ашық жомарт, көзі мен көңілі тоқ, пендеге кек сақтамайтын кешірімшіл, пейілі кең, дарқан мінезді болу керек, оның міндеті - халыққа құт-бақыт, дәулет әкелу, әділ заң орнату, кедей халықты бай ету, халық санын көбейту, - дейді Баласағұн.

Біртұтас болып, өзінің құқықтық еркі мен мемлекеттік рухын айғақтау үшін халыққа кемел тұлға қажет. Ел тағдырының тізгіні қолына тиген кісінің болмыс-бітімі қилы-қилы болатынын ақ бас тарих жақсы біледі. Биліктің тәжі бұйырғандар шежіресінен кеменгерлер мен кеңкелестерді де, жігерлілер мен жасықтарды да, парасаттылар мен пасықтарды да, құрбаншылдар мен қорқақтарды да, жасампаздар мен кертартпаларды да молынан ұшырастыруға болады.

Тізгін осылардың дұрысына тигенде ел дәуірлеп гүлденген, бұрысына тигенде азып-тозып күйреген. Қоғамның саяси және мемлекеттік билігі кімнің қолында болатыны ешкімді де бейтарап қалдырмайтыны сондықтан.

Иә, сонымен, жұрт жақтағандай, көпшілік күткендей, халық қалағандай, ел аңсағандай Елбасы қандай болуы керек?

- Ұлты қазақ, ұлттық дәстүрдің уызына жарыған, халқының бар қадір-қасиетін бойына жиған; тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жетік білетін; ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіретін ұлтжанды; дені таза, ары аппақ, жұртшылықты алақанына салып аялайтын, сенімін, үмітін ақтай алатын, ел тағдырына жауап бере алатын Азаматы; кек сақтамайтын, өштеспейтін, бар қазақты бауыр тұтып, басынан сипай алатын мейірімді Жанашыры; қар жауса - күрек, жел тұрса тірек бола алатын халықтың қамқоршы Қызметшісі; ағаны ағадай, ініні інідей сыйлайтын, әдептен аттамайтын, ешкімді бөліп-жармайтын, халқының мұндасы, Тағдырласы; қорыққанда - қорған, тарыққанда - пана, зарыққанда сана бола білетін, ел таныған, көпшілік мойындаған, мінезге бай, антқа адал, сертке берік, пейілі кең, байлыққа құнықпайтын қазақ халқының шын Перзенті болу керек;

- Ел басына күн туса ауыздықпен су ішетін, етікпен су кешетін; туған жерін, Отанын қызғыштай қорғайтын, көзінің қарашығындай сақтайтын; іске алымды, сөзге шалымды,



бүгінгісің оза ойлайтын, ертеңін дұрыс болжайтын көреген Көсем болу керек;

- Адамзат тарихын, дін тарихын, қоғамның, мемлекеттің даму заңдылықтарын, әлемдік процесті жетік білетін, оны жүзеге асыра алатын Іскер; Қазақстанның байлығын төгіп-шашпай халықтың игілігіне айналдыратын, Қазақстанды озық елдердің қатарына қоса алатын, нардың жүгін көтеретін Қайраткер болу керек;

- Халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең, сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсесі басатын, елдескенде мейірімін шашатын аузы уәлі, сөзі дуалы Саясаткер болу керек.

Мұндай ердің айтқаны ем, ісі берекелі, елі ынтымақты болады; жұртшылық заманына сай туған осындай ерге ғана сеніп, соңынан ереді.

Қазақ жері қай заманда да ақылмандардан ешқашан кенде болмаған. Алтын құрсақ аналар оларды бүгін де таппай отырған жоқ. Елінің ықыласына бөленген, абыройлы азаматтар, шүкір, арамызда жоқ емес, бар. Десе де, дәл бүгінқалың көпшілік өткенді екшеп, барды бағалап, талғам таразысына тартып, пайымдай келе жоғарыдағы талаптардың бәріне сай адам – уақыт сынынан өтіп шыңдалған, ел басқару ісінде мол тәжірибе жинап кемелденген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев деп отыр.

Бесіктегі баланың бек боларыңкім білген,

Қарындағы баланың хан боларың кім білген? - дегендей,

Нұрсұлтанның Президент боларың кім білді дейсіз, пешенесіне жазылғансоңаруақ қолдап, бақ дарып, елдің тілегімен таққа отырды. Қазақпын деп айтуға тіл байланып, дүние теңселіп шыр айналып тұрған заманда, алмағайып аласапыран кезеңде елдің тізгінін алуға, тағдырын шешуге бел байлау оңай емес еді. Бел байлады. Содан бері ол халқының көзінен таса, көңілінен жырақ болған емес, ел-жұртымен бірге біте қайнасып, өсіп-толысып, үмітін ақтап келеді.

Бодандықтан босап, халқымыздың ел басшысын өзі сайлауға тұңғыш мүмкіндік алған, қазіргі таңда тарихқа айналып үлгергенөткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңғы кезіндегі аумалы-төкпелі кезең оқиғалары амалсыз ойға оралады. Бәрі де сол күйі, бәрі де бүгінгідей көз алдыға келеді. Көргенінді көңілдің, білгенінді біліктің тезіне салып, сана сүзгісінен өткізіп, сараптай екшейсің. Сондайда, үміт пен күдік тең тайталасқан сол бір тағдырлы шақта, ел билігінің екі тізгіні мен бір шылбыры бүтіндей бүгінгі Президентіміздің қолына тигені бұл күнде «тәубе» дегізіп, сенімді орнықтыра түседі. Өйткені өз бетіңше ел болып, еркін өмір сүруге мүмкіндік алар сындарлы сәтте билік тізгінінің мансаптан басқа мұңы жоқ, шенді шекпенге барын сатып жіберетін бір пенденің қолында кетуі де әбден мүмкін еді.

Қалай болғанда да, сол бір тұста тұңғыш Президентіміздің топты жарып шығып, жол бастап, елді Тәуелсіздік айдынына аман-есен алып шыққаны анық. Оған бүгінгі Тәуелсіз, Дербес Қазақ Елінің әлем жұртшылығы алдындағы беделі, дүниежүзі халықтары қауымдастығының тең құқықты мүшесі болғаны және әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің қарқын алуы жарқын айғақ бола алады. [1]

Мұның бәрі бұл күнде айтуға оңай. Кезінде оның қандай қиындықпен, қандай күреспен жүзеге асқаны өзгеге жұмбақ болғанымен, сол кезеңнің ауыртпалығын бірлесе көтерген азаматтарға айдан анық.

Адамға ең алдымен, еңбегінің жемісін көретін бейбіт күн, беймарал тіршілік керек. Халыққа керек бейбіт күнді, тыныштықты сақтай алған Елбасының үлкен саясаткерлігі, білікті басшылығы екенін бұл күнде ашып айтудың тағылымдық мәні зор. Нұрсұлтан Назарбаев содан бері де елді дау-жанжалға, ұрыс-керіске ұрындырмай, аман алып келе жатыр. Халықтың бұл күнде Тәуелсіздік пен Президентті ажыратпай, тұтастықта қарайтыны сондықтан. Әр жолы алтын әріппен жазылар тарихи жылдар жылнамасының әр күнінде елінің бүгінгі мен ертеңін тең ойлаған Елбасы еңбегінің, қажыр-қайратының, ақыл-ойының айтарлықтай болғанын халқы жақсы біледі.

Иә, сол кезде-ақ Президент өзінің не нәрсені болсын кемел ойлап, кең пішуге мүмкіндігі мол, зор қабілет иесі екенін ел мүддесін, келешек қамын қапысыз қамдай алатын шынайы басшы екенін көрсете білді. Алғашқы күннен бастап-ақ көсемге тән көрегендік танытты. Бүгінін бүтіндей отырып, ертеңін ойлады, халқының келешекке деген сенімін орнықтырып, елінің мәртебесін көтерді. Тәуелсіз жас мемлекеттің тұңғыш Президенті екеніне қарамастан, ерте қалыптасқан ежелгі елдердің басшыларымен таразы басын теңестіріп, халықаралық

бәсекелестікте ел ұпайын түгендеп, қазынасын толтыруға күш салды.

Қазір баршамызға белгілі болғанымен, осындайда біраз жайды еске алғанның артықтығы жоқ. Дербестікке ұмтылған алғашқы қарбаласты жылдардағы Президенттің кейбір ойлары мен идеяларын кезінде көбіміздің өз мәнінде түсіне алмай, соның салдарынан оны орындауға келгенде кежегіміздің кері тартқан кездерін де ашып айту қажет сияқты. Жасыратыны жоқ, Президенттің сол кезде Одақ көлемінде болып жатқан алуан оқиғаларды біліктілікпен сараптап, ертеңгі күннің есесін ойлап, елі үшін қаншалықты қиындыққа түсетінін білсе де, зор төзімділік танытып, біліктілікпен атқарған игі істерінің бәрі бірдей кезінде, өзгені қойып, өз елінен де, қарапайым халықты қойып, қатарында жүрген серіктестерінен де бірден қолдау тауып кете алмай, кедергіге кезігіп, қарсылыққа ұшырап жатқанын бәріміз де жақсы білеміз.

Мұның бәрі Елбасынан қаншама қажыр-қайрат жұмсауды талап еткенін қазір кім зерттеп біліп жатыр?

«Уақыт – төреші» деген ғой, Президент ойының дұрыстығын, шешімінің көрегенділігін тек арада біраз уақыт өткеннен кейін, соның оң нәтижесін көзбен көріп, қолмен ұстағандай болған соң барып мойындап, кезінде мәселенің байыбына жете алмай өкініп жататымымыз да шындық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Н. Назарбаевтың жүзеге асырмақ болған кейбір ойларына келіспей, қарсы шыққандар расында аз болған жоқ. Президентті мойындасақ, бүгін, алған бағытының түзулігін, көздегенінің ел мүддесі, ұрпақ келешегі үшін екенін ісімен дәлелдеп шыққаннан кейін мойындап отырмыз. Әу баста бәрі басқаша болатын. Тәуелсіздік алу жолындағы күрестегі Елбасының принципінен таймас табандылығын, болып жатқан оқиғалардан дұрыс қорытынды шығарып, ертеңін еркін болжай алған көрегендігін мансұқ етіп, біздің қалағанымызды жасамады деп кінәлағанымыз да күні кеше ғана.

Кеңес Одағы құлап, одақтас республикалар жаппай дербес жеке ел болып шығуға бет қойғанда біздің де өзгелер секілді Орталықтың ұзын құрығынан құтылып, енші бөліп, жеке шығуымыз қажет еді. Баршамыз басшыдан осыны талап еттік. Алайда, Назарбаевтың «дербестігімізді алайық, бірақ байланысымызды үзбейік, бұрынғы шаруашылық жүйесін бұзбайық» деп отырып алғаны есімізде. Осынысына риза болмай, қарсы өре түрегелдік. Әсіресе, өздерін халықтың «жанашырларымыз» деп жүрген жалаң патриоттардың айқайы көше кернеп, өктем шығып жатты. Олар Н. Назарбаевты айыптап: «Одаққа кіндігі байланып қалған. Жеке ел болуға қарсы, советшіл» деп жар салды.

Сөйтіп жүріп, ақыры жеке ел де болды. Н. Назарбаевтың айтқаны келді: экономика тұралады, тұрмыс қиындады, завод, фабрикалар тоқтап қалды. Баяғы ірге ажыратып, енші бөлеміз деп жеңістік бермей желіккендер енді басқаша бопсалап: «бүйткен тәуелсіздігі құрысын. Совет өкіметі дұрыс екен, онда көйлегіміз көк, тамағымыз тоқ еді» деп әндететінді шығарды.

Бірақ олар Н. Назарбаевтың алда осылай боларын күні бұрын көре білгенін, айтқанының айнымай келгендігін айтпады, ағымға еріп, айқайлап аттан салғандарының қате екенін мойындамады, болған жайдан қорытынды шығармады. Қайта бұрынғыдан да өршеленіп, енді олар Елбасының еткен еңбегін еш қылып, «Тәуелсіздік бізге өзі келді» деп кергіді. Кейбір басылымдар мен телерадио өкілдері осы тұжырымды өмірдің ақиқатына айналдыруға тырысып, жарыса жазып, жағаласа даурығып жатты. «Өткен күнде белгі жоқ» дегенімізбен, осынау даңғазаға, тіпті, білімді де білікті деген кейбір азаматтарымыздың да үн қосып, жан қинағаны әлі жадымызда.

«Көп айтса көнді, жұрт айтса болды» деп ұлы Абай айтқандай, біз өзі біреулер не айтса да, дұрыс болсын, бұрыс болсын, соны ойсыз қайталауды қанымызға сіңіріп, әдетке айналдырып кеткен кеңестік заманның перзентіміз ғой. Қазір ойласақ, әуелде парықсыздау біреудің айтқан «Еліміздің тәуелсіздігі бізге өзі келді» деген сөзін кейін ойсыз жаңғырық-қайталауға айналдырып жіберген секілдіміз. Әйтпесе, санасында иненің жасуындай саңылауы бар жан ата-бабамыздың сан ғасыр бойы күресіп жете алмаған, соның жолында небір жайсаң, боздақ азаматтары құрбан болған қасиетті арманы – тәуелсіздіктің өздігінен келмейтіндігін ұғынсақ керек еді. Өз ғұмырында «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың таланына болған, бүгінде тәубеге келіп, шүкіршілік қылар іс еді бұл. Тек өкініштісі - мұның солай екенін қазір

жаппай түсінгенімізбен, ол кезде әр істің байыбына жетіп, бәрін бірдей дұрыс түсіне алмадық.

Ал, Н.Ә.Назарбаев болса, бұл кезде өзгенің даурықпасына елікпей, ұстанған бағытынан таймай, сарабал саясатын жүргізе берді. Жер байлығының, ел байлығының сыртқа кетуіне тыйым салынды, ұлттық банк құрылды, атом полигоны жабылды, арпалыспен ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Не керек, тәуелсіздікке қол жеткізер ұлтқа қажеттің бәрін де сабырмен, байыппен, ақылмен жүзеге асырып, кезегімен тиісті жарлығын жариялап жатты. Әрине, оның бәрі оңайға түскен жоқ, тынымсыз тартыспен келді. [2]

Бірақ біздің онда шаруамыз болған жоқ. Себебі, біз ескі ауру - бұрынғы әдет бойынша іс жүзіндегі тәуелсіздікті емес, сөз жүзіндегі тәуелсіздікті қаладық. «Біз де тәуелсіз елміз» деп, тезірек жалаулатқымыз келді. Сондықтан да «Тәуелсіздікті неге жарияламайды?» деп айқайлаумен болдық, Елбасын кінәлаумен болдық. Ең ғажабы, осы кезде бұл айқайға күні кеше «Қазақстан Ресейден бөлініп жеке ел бола алмайды, Қазақстанға тәуелсіздіктің керегі жоқ» деп ұрандатып жүрген әсіре саясатшылар да қосылып, «Қазақстан тәуелсіздігін неге жарияламайды» деп Н.Назарбаевты айыптай бастады.

Сөйтіп жүргенде республикамызда тәуелсіздікті жариялауға қажетті алғышарттардың бәрі жасалып болды да, Елбасымыз Қазақстанның тәуелсіз ел екенін жариялады. Президентіміздің көрегендігін алдымен шет жұрт мойындады, оны осы заманның ірі саясаткері деп таныды.

Алайда, бұл да бізге ұнамады. Сырттың мақтағанын жаратпадық. Н.Назарбаевтың дұрыс та сенімді жол тапқанын тағы да пайымдап жатпадық. Сол бір кезеңнің оқиғаларын қазір ақылға салып, сараптап көрсек, Нұрсұлтан Назарбаевтың саясаткерлік дара тұлғасы сол арпалыс үстінде-ақ танылып, өзге әріптестерінен сол кездің өзінде-ақ оқ бойы озық тұрғаны айқын сезіледі.

Міне, біздің Президентіміздің үлкен саясаткерлігі де, көрегендігі де осында. Ол саясат ағымында зырлаған тәуелсіздік дейтін алып машинаның қозғалысын тездетемін деп әлдекімдердей асыққан жоқ, ақылмен аман-есен межелі жеріне жеткізді, яғни қақтығыс болдырмады, қан төктірмеді. Сөйтіп, қазақ елінің өзгелермен бірге өркениет өрісіне шығып, Тәуелсіздік айдынында еркін құлаш ұруына негіз қалады. Осының бәрінің куәгері болған Қазақстан халқы бұл күнде кемелділік пен көрегендік танытқан Президентіне асқан ризашылықпен алғысын айтады.

Өйткені, олар сол кездегі сырт ел саясаткерлерінің «қанды қақтығыс, ең алдымен, Қазақстанда болады» деген сәуегейлігінен хабардар болатын. Егер, шынында да, сол тұста өз ісіне берік, алған мақсатынан таймайтын, табанды саясаткер Н. Назарбаев болмай, оның орнына ұраншыл, көзге түсуге құмар біреу болып, тәуелсіздігіне асыққан көптің көңілінен шығу үшін ағым әуенімен, өзгелерден қалмай, ел тәуелсіздігін асығыс жариялап, жалаулатып жібергенде, әлгі сәуегейлердің «айтқанымыз айдай келді» деуі әбден мүмкін еді. Бірақ Назарбаев бұл жолы да көреген саясаткер, кемел ойлы басшы екенін ісімен дәлелдеп шықты. [3]

Жалаң ұран мен даурықпаға салынушылар бәрібір ескі әуенге қайта басты. Енді олар Назарбаевты «ел экономикасы тұралап, мемлекет қазынасы қаңырап босап жатқанда, нөкерлерін шұбыртып, қаржыны судай шашып, шет елді қыдыра береді» деп кінәлады. Елдің қамы, ертеңгі болашағы үшін, күндіз күлкі, түнгі ұйқыдан қалып, неге жанұшырып жүргенінде шаруасы болмады. Сонда Назарбаев ертеңгі күні сырттан әлдебіреу әлімжеттік жасап, көз аларта қалса, араша түсер мықты ағайын іздеп жүрді. Ақыры Шығыста – Қытайдың, Батыста – Англияның, арғы беттен Американың, іргеден Ресейдің Қазақстан шекарасына өзіміз тимейміз, өзгеге тигізбейміз деген уәдесін алып, онысын құжатпен бекітті. Сондай-ақ, соңынан нөкер ертуі де салтанат құрып, сәндену үшін емес, өзге елдің өркендеуі, баю жолын басқалардан бұрын игеріп, Қазақстанның тезірек дамыған елдер қатарына қосылуы үшін өз беделін пайдаланып, балапанын баулыған қырандай елінің талапты жастарын ертіп апарып, шет елдің іскер адамдарымен кездестіріп, солардан үйренуіне мүмкіндік жасап жүргенін де кеш түсіндік. Бірақ мұны да мойындағымыз келмеді.

Алайда, мұның бірде-біреуіне Президент мұқалған жоқ, жаныған сайын жетіліп, қайраған сайын қылпи түсетін қас алмастай тектілік қасиет танытып, мұратты ісін байыппен, парасаттылықпен жалғастыра берді, өзі ұстанған бағытының тұзулігіне, сол жолда сүйеніш болар халқына сенді.

Президентінің не істесе де ел үшін, елдің игілігі үшін істеп жатқанын халқы да терең түсініп, қолдады.

Елбасы мен халық арасындағы осы бір түсіністік, мүдделі үндестік, бір-біріне деген қалтқысыз сенім Президентке елінің ертеңінің қамы үшін жасалынар, бірақ сол кез жағдайында жұрттың бәрі бірдей түсініп, қолдап кете бермейтін, атқарушысынан көзсіз тәуекелге баруды тілейтін небір күрделі мәселелерді күн тәртібіне шығаруға мүмкіндік берді. Соның бірі - ел экономикасы тұралап, ардагерлер зейнетақысын, жұмыскерлер еңбек ақысын, қызметкерлер жалақысын уақтылы ала алмай, күндік тірліктің тауқыметі еңсе басып жатқан қиямет тұста Президенттің ел астанасын басқа жерге көшіруді қолға алуы еді. Елбасының бұл бастамасы сол кезде жүзеге асуы мүмкін емес, бос қиялдай көрінген. Халықтық істің қандайына болсын, мың ойланып, жүз толғанып, үлкен дайындықпен кірісетін әдетімен Президент бұл жолы да астананы көшіру мәселесіне қапысыз дайындықпен келді.

Сол бір қиын-қыстау кезеңдегі Елбасының тарихи ерлігінің, табандылығының, азаматтығының жарқын айғағындай болып, есіле аққан Есіл өзенінің бойында сәулет өнерінің соңғы үлгісімен бой көтерген, әсем ғимараттары сән түзеген, сағат санап өскен ертеңінің алыптарындай, сәт сайын іргесін кеңейтіп, айбынын асырған жаңа Астана өсіп келеді, гүлдене жайнап, көркейіп келеді. [4]

Әркімнің де билікке бар таласы дегендей, Ата заңымыздың талабына сай Қазақстан Республикасының кез келген азаматы президенттікке үміткер бола алады. Бірақ, ол – атойсалып аттандап, көз алартып қоқаңдап, жат жұртқа елін жамандап, өзгеге қарап жаутандап, елді азғырып жүргендердің отыратын жері емес. Елбасының киелі тағы - табанын тіреп Отан алдында ант бере алатын, сөзінде тұратын, елін мұратына жеткізетін және мұратқа жеткізудің жолдарын қапысыз меңгерген, халқының бақытына туған, қалың елдің тірегі, білегі, жүрегі бола алатын, елім-жұртым деп көкірегі қарс айырылатын біртуар Азаматқа ғана бұйыратын орын. Сондықтан да ешкім тағдыр тізгінін көрінгеннің қолына ұстатқысы келмейді, тарих толғатып туған ғасырдың тұлғасына, елінің жанын ұғатын, жалпыға пана болатын, халқын замана көпірінен аман өткізетін қайраткерге ұстатқысы келеді.

Олай болса, Қазақстан үмітін тағы да Нұрсұлтан Назарбаевқа артып отырғаны күмәнсіз.

Өйткені Н.Ә.Назарбаев қазақстандықтардың үдесінен шықты, халқына берген уәдесін орындап келеді, мемлекеттігіміз қалыптасты, экономикамыз нығаюда, демократия орнықты, Тәуелсіздігіміз бекуде, ынтымағымыз артуда, іргеміз сөгілген жоқ, шаңырағымыз шайқалған жоқ. Мемлекетті, қоғамды тығырықтан аман алып шықты. Осының бәрі де әлем танып-мойындаған ақиқат.

Нұрекеңнің бойында Елбасына тән қасиеттер өте көп: төселген кәнігі саясаткер, нарықтық экономиканың білгірі, ғалым; аңқылдаған ақ көңіл; кекшіл емес, текшіл; жікшіл емес, көпшіл; жұртты сендіре де, иландыра да алатын «өз елім менің –өзегім менің»- дейтін Азамат.

Сауд Арабиясына барған жылы ол жерде үш ай бойы ылғал тамбаған екен. Нұрекең қасиетті Қағбаға кірерде жаңбыр құйып, шыққанда аспан шайдай ашылыпты. Бұған таң қалған король Фейсал:

- Сіз тегін адам емес екенсіз, Алладан не тіледіңіз? - деп сұрапты.

- Қазағымды, елімді аман қыл деп тіледім, - деген екен Нұрекең. Халқының тілекшісі, ізгі арманын көксеушісі осындай-ақ болар.

Кім келіп, кім кетпеген кең дүниеге, талай қирап, талай тұрған ақсарайда, талай үзіліп, талай түзелген, сөйтіп жалғасып келе жатқан қазақ тарихында небір көсем мен кемеңгер, шешен мен дана, абыздар мен ғұламалар, жақсы мен жайсаңдар өмір сүрді, олардың талайы дегеніне жете алмады. Сан мың ұрпақ жетпеген асыл арманға Нұрсұлтан Назарбаев жетті; жалғыз жеткен жоқ, ел-жұртымен бірге жетті, бәрімізді жеткізді; шекараны бекітті, Қазақстанын тез түзеп, әлемдік қауымдастықтың санатына қосты, екі мың жылдықтың тоғысында еңселі Ақорда тұрғызды; тізерлеген халқын тік тұрғызды, жығылған туын қайта тіктеді [4].

Президент Н.Ә.Назарбаев жалған сөйлеген емес, ағынан жарылып ашығын, қиын да болса шындығын айтумен келеді. Сын сағаттарда ақиқатқа жүгінді, қиыннан жол тапты.

Нұрсұлтан Назарбаев – адамзат тарихын терең білетін, замана ағымын жіті бойлайтын, әлемнің озық тәжірибесін ұтымды пайдаланып, ата-бабадан қалған асыл өнегемен әдемі үйлестіріп, ұштастырып келе жатқан стратег, тәуелсіздік заманының бірнеше ұрпағын өсіріп



келе жатқан тәлімгер. Ел ішінде демократияның орнығуына көшбасшы болған да осы - Назарбаев. Еркін сөйлеп, ерікті тіршілік етуді үйренген қазақ кейде әдептен озып, бірі - етектен, бірі жағадан алып, бірі аяқтан шалып, бірі — кеңірдектен алып жатқанда да кешіре білді, бауырына тартты. [2]

Нұрсұлтан Назарбаев – әлем мойындаған, жаһанға атағы жеткен, жер бетіне сөзі өтіп, дегенін істетіп отырған бүгінгі заманның ұлы саясаткері, лидері; тумысынан қасиет дарыған қайраткер; табанды күрескер, гуманист, туған халқының Бәйтерегі, Көсемі. Азиядағы өзара ынтымақтастық, Еуразия, ТМД елдерінің қарым-қатынасы төңірегіндегі ұсыныстары Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық беделін биікке көтерді. [5]

Әр түрлі діни конфессиялардың жетекшілерін тарихта тұңғыш рет Астанада бас қостырып, бүгінгі ушығып тұрған ахуалда әлем жұртшылығының сеніміне үміт отын ұялатты. Президент пен Тәуелсіздік бүгінде егіз ұғымға айналды.

Бір кездері Нүрекең елінен гөрі сыртқа қадірлі еді, шүкір, бүгінде ел ішінде де беделі асты, алмастай жарқылдаған асыл нұры, аңқылдаған ақ көңілі, кең пейілі, ақ жарқын күлкісі елді нұрландыра бастады. Мұны биылғы елді аралаған, қалың жұртшылықпен қауышқан сапарлары айқын дәлелдеді.

Н. Назарбаев та ет пен сүйектен жаралған. Ол да ұлтының бір бөлшегі. Оның да азаматтық, қайраткерлік болмысы өз заманының әсер-ықпалымен қалыптасқан. Бұл ретте, Нұрсұлтан Әбішұлы екі ғұмыр сүргендей, бір-біріне антипод екі жүйенің қыры мен сырына қанығып, ыстық-суығын белшесінен кеше жүріп шыңдалған басшы. Өмір көрген, елдік істің тайқазанында пісіп-жетілген күрескер. Үш ғасырға жуық уақыт бойы отаршылдықтың тауқыметін тартып, этнос ретінде жойыла жаздаған қазақ халқын ел етіп, ТМД елдерінің аясында Қазақстанның мерей-мәртебесін көтерген Елбасы тәуелсіздікті тәу ететін, шынайы демократияға ұмтылған, ұлтаралық түсіністік пен достықты өмір салты еткен, болашағына сеніммен қадам басқан қазақстандықтардың символына айнала білді.

Әрбір жеке тұлға өз тағдырының ғана ұстасы емес, сонымен бірге өзі араласқан ортаға, қоғамға, керек десеніз өзі ғұмыр кешкен уақытқа ықпал ететін қайталанбас жаралым. Егер, сол жеке тұлғаның болмыс-табиғатына Тәңірі - шебер айрықша қабілет пен қасиет дарытса, ол қабілет пен қасиет тек қана жасампаздыққа, тек қана биік мұраттарға бағышталатын болса, ондай тұлға өз өмірін ғана мазмұн-мағынаға кенелтіп қоймайды, ең бастысы өзі ғұмыр кешкен қоғамы мен уақытын да сәулелендіріп, оның мерейін өсіріп, мәртебесін биіктететін болады. Бұған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірі мен болмыс-бітімі жарқын айғақ.

Нұрсұлтан Назарбаев — арман қуған тұлға. Назарбаевтың бүгінгідей күрделі кезеңде алдағы асуларға құлаш ұрып жүргенін, алаш азаматының арманын аласартпағанын білеміз, ешқашан аласартпайтынына сенеміз.

Түптеп келгенде мәселе Президент Назарбаевты мақтауда емес.

Президентті мақтағанымыз - Президентіміз үшін мақтанғанымыз.

Президентіміз үшін мақтанғанымыз, елдігіміз үшін мақтанғанымыз. Бұл мақтаныш – ұлттық мақтаныш. Сондықтан да мақтанамыз.

Бүгінгінің мәселелерін шешу, қазіргі қиындықтардан шығу талай елдің, талай ердің қолынан келер. Ал мемлекеттің болашағына, ұлттың тағдырына қатысты түйінді мәселені мына заманда шешу - елдің елінің, ердің ерінің ғана қолынан келеді. [5]

Қазақтың құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр даласы бар. Ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған соншама алып далада, мұндай алып кеңістікте мемлекет құру қиынның қиыны. Әсіресе мынадай дүбірлі дүниеде бір кезде жығылған орданы қайта тігу, құлаған туды қайта тіктеу елдің елінің ғана қолынан келеді. Ондай елді басқару да ердің ерінің ғана қолынан келеді. Ондайел де бар бізде, ондай ер де бар бізде.

Ол елдің аты – Қазақстан,

Ол ердің аты – Нұрсұлтан.

Жасай берсін Ел мен Ер!

Алдынан ақ таңы ата берсін Азаматтың!



**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Назарбаев Н.Ә. Ел мен сырласу: сөздер, сұхбаттар. – Астана. – 2008. – 256 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа нық сеніммен.– Астана. – 2000. – 261 б.
- 3 ХХІ ғасыр әлем саясаткерлері руханият жетекшілері, зияткерлері мен кәсіпшілері. – Астана. – 2009. – 288 б.
- 4 Қасымбеков М. Елін сүйген Елі сүйген Елбасы // Егемен Қазақстан. – 2005 ж.
- 5 Бишімбаев У. Мұратымыз – Мәңгілік ел // Егемен Қазақстан, 2014 ж., 16 желтоқсан.

**РЕЗЮМЕ**

В статье рассмотрены историческая роль Первого Президента и Лидера РК Н.А.Назарбаева в создании суверенного Казахстана и его политическая миссия по формированию авторитета нашей страны в мировом сообществе.

**RESUME**

The article deals with the historical role of the First President and leader of Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in the creation of a sovereign Kazakhstan and his political mission of forming authority of our country in the world.

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ПЕДАГОГИКА

УДК 37: 001.895

**Р. И. Джусупкалиева**, техника ғылымдарының магистрі  
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

### ТЕХНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

#### Аннотация

«Мұнай-газ ісі» мамандығының жоғары курс топтарында арнайы техникалық пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды енгізу бойынша салыстырмалы талдау жасау экспериментінің нәтижесі қарастырылған.

*Түйін сөздер: инновациялық технология, эксперимент, техникалық пәндер.*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу[1], білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсетілген.

Сабақтарда инновациялық әдістерді қолдану арқылы студенттердің танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық өндірістік т.б. қызметтерде жан-жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Инновациялық әдістемені қолдану ең алдымен студенттердің сабаққа қызығушылығын арттырудың себебіне айналады[2]. Студенттердің іс-әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін сабақтарда иновациялық әдістемесін қолдану негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтеді. Әдістемелік әдебиеттердегі тиімді ұсыныстар, оқытудың алдыңғы қатарлы үлгісі және өзіміздің іс-тәжірибеміз сабақтарда иновациялық әдістемесін қолдануға байланысты жүзеге асырудың төмендегі түрлерін саралауға негіз болды:

- оқытылатын материалдардың мазмұны бойынша;
- қалыптастыруға тиісті білік түрлеріне байланысты;
- оқытудың әдістері мен құралдарына байланысты.

Техникалық пәндер ішінен осы мақалада «Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәні мысалы ретінде алынды.

Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау сабақтарында инновациялық әдістерді қолдану төмендегідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- студенттердің жалпы және кәсіптік пәндерден алған білімдерін іс жүзінде пайдалану дағдысын қалыптастыруға;
- жаңа технологияларды пайдалану арқылы білім беруді ақпараттандыруды кеңінен қолдануға;
- оқу материалын студенттердің білім деңгейіне лайықтап пайдалану арқылы олардың ойлау қабілеттерін дамытуға;
- кіріктірілген білім негіздері арқылы болашақ мамандардың өндірістік қызметіне қажетті ұғымдарды саналы меңгеруіне мүмкіндіктер туады.

Сонымен қатар осы пәнді оқытуда инновациялық технологияларды енгізу бойынша салыстырмалы талдау эксперименті жүргізілді.

Анықтау экспериментінің негізгі мақсаты:

- ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау пәнінен инновациялық оқытуды

ұйымдастыру жағдайын зерттеу және талдау;

- мұнай, газ өңдеу және мұнайхимия саласы мамандықтарының студенттерінің зерттеліп отырған мәселеге сәйкес білім деңгейін анықтау.

Экспериментке дайындау кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарында студенттердің ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау пәнінен білім деңгейін анықтау мақсатымен тест жұмыстары жүргізілді, олардың нәтижесі бойынша талдау жүргізілді.

Экспериментке қатысқан екі топтың бақылау жұмысының нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 1).

1 кесте – Бақылау жұмысының нәтижесі

Топтар	Оқушы саны	Бағалар								Оқу сапасы,%
		5	%	4	%	3	%	2	%	
Бақылау тобы	15	6	40	7	46,7	2	13,3	-	0	84
Эксперименттік тобы	16	9	56,3	6	37,5	1	6,2	-	0	89

Эксперименттің бұл кезеңінде іскерлік ойын, пресс-конференция, «Саналық шабуыл» түрінде дәріс, БАОӨЖ, бақылау, талдау, тестілеу әдістері пайдаланылды (2 кесте).

Жоғарыда көрсетілген кестедегі көрсеткіштері бойынша эксперимент өткізгеннен кейін қорытынды бақылау нәтижесінде студенттердің эксперимент енгізілген тобындағы білім деңгейінің жоғарылығы, инновациялық әдістермен пәнді жоғары меңгерілгені байқалды. Сондықтан да студенттер берілген тест сұрақтарды жақсы орындады. Экспериментке қатысқан 16 студенттің 56,3 пайызы жоғары, 37,5% орта, 6,2% төмен баға алды. Жалпы оқу сапасының нәтижесін салыстырғанда эксперимент енгізілген топтың үлгерімі 89 пайыз, бақылау тобында 84 пайыз. Бақылау нәтижесі бойынша эксперимент енгізілген топтың үлгерімі сәйкесінше жоғары.

2 кесте – Инновациялық әдістерді жүзеге асыру түрлері

Тақырып	Инновациялық әдістің түрі	Әдістің қысқаша сипаты мен құралдары
1. Жербедеріне және кен орнының көлеміне байланысты саңылаусыздан дырылған ұңғыма өнімдерін жинау жүйелері	«Таза бет» семинары	Топ екіге бөлініп, үйге екі сұраққа баяндама дайындауға беріледі. Сабақ барысында баяндама оқылып, қарсы команда студенттері туындаған сұрақтарын жазып, баяндама соңында сұрақтар береді, сұрақтарға баяндама оқыған команданың тыңдаушылары жауап беруге керек. Теориялық мазмұн байланысын дәлелдейтін іс әрекет (ауызша және жазбаша шешім қабылдау, жоспарын құру т.б) Проблемалық эвристикалық, репродуктивтік, алгоритмдік, шығармашылық, көрнекілік зерттеу т.б. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
2. Ұңғы өнімін есепке алу	Пресс-конференция дәрісі	Пресс-конференция түріне сәйкес жүргізіледі: Оқытушы студенттерге дәріс тақырыбын айтып оларға жазба түрінде сол тақырып бойынша сұрақтар беруін сұрайды. Әр бір студент 2-3 минут аралығында сұрақ дайындап оқытушыға береді. Оқытушы сұрақтар бойынша дәрісті жүргізеді. Дәріс аяғында берілген сұрақтардың жауаптары беріледі. Тәжірибе, бақылау, талдау, салыстыру, қорытындылау. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
3. Мұнай эмульсиялары	Іскерлік ойын «Мұнайшылар марафоны»	Құралдары: химиялық реактивтер, тестік тапсырмалар Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
4. Мұнайды газды айыру	Іскерлік ойын - Командалық жарысу – семинары	Топ екі командаға бөлініп, әртүрлі тапсырмаларды орындайды: Мұнайды кен орындарында дайындау технологиялық сұлбаларын дайындау; блиц-сұрақтарға жауап беру; реклама дайындау. Құралдары: деңгейлік тапсырмалар, жұмыс дәптері

2 кестенің жалғасы

5. Мұнайды кен орындарында дайындау	«Жобалаушы» іскерлік ойын	Топ екі командаға бөлініп, әртүрлі тапсырмаларды орындайды: Мұнайды кен орындарында дайындау технологиялық сұлбаларын дайындау; блиц-сұрақтарға жауап беру; жарнама дайындау. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
6. Су айдау жүйесінде қолдану үшін тұщы және ағынды суды дайындау	Іскерлік ойын	Топ екі команда бөлініп, әртүрлі тапсырмаларды орындайды: Мұнайды кен орындарында дайындау технологиялық сұлбаларын дайындау; блиц-сұрақтарға жауап беру; жарнама дайындау. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
7. Ілеспемұнай-газын тасымалдауға дайындау	«Саналық шабуыл» дәріс	Ілеспе мұнай газын тасымалдауға дайындаудың толық процесстері ашылып беріледі: құрғатудың үш әдісі-ТТС, адсорбция, абсорбция; газды күкіртсутегінен тазарту; газды көмір қышқылынан тазарту. Құралдары: технологиялық сұлбалары слайтары, сөздіктер т.б.

Анықтау экспериментінің нәтижесі біздің алға қойған мақсатымызды орындауға мүмкіндік туғызды. Яғни, осы нәтижеге сүйеніп келешек жұмыстың жоспары жасалды:

- ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау пәнінің оқу бағдарламасында иновациялық әдістер енгізіліп дайындалды;

- «ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәнінде білім алушылардың оқытушылармен өзіндік жұмыстарын іскерлік ойын әдісімен өткізу қолайлылығы анықталды;

Пресс-конференция, «Саналық шабуыл» сияқты әдістерін дәріс сабақтарына қолданылған қолайлығы анықталды.

Қалыптастыру экспериментінің алдына мына мақсат қойылды:

- бақылау және эксперименттік топтарында «Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәнді оқытуда инновациялық технологияларды енгізу арқылы салыстырмалы талдау;

- эксперименттің нәтижесін салыстыра отырып, оқытудың тиімділігін анықтау;

- эксперимент түрінде сабақтың өткізілу сапасын тексеру.

Студенттердің «ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәні бойынша алған білімдерінің нәтижесін анықтау инновациялық әдістермен сабақтарды жүргізудің қалыптасу деңгейі бойынша бағаланды.

*төмен:* танымдық қызығушылығы, белсенділік қабілеттері төмен, пәндер мазмұнын байланыстырып қарастыруға жаттықпаған, оны оқу және кәсіби әрекетінде қолдану дағдысы жоқ. Берілген тапсырманы үстірт орындайды, жұмыс орындау әдістерін таңдауда шығармашылық қабілеттерін көрсете алмайды.

*орта:* тұлғалық-белсенділік қалыптаспаған, өздігінен жұмыс орындау деңгейлері нашар. Оқу әрекетінің барлық түрі бойынша оқытушының көмегін керек етеді. Білімдерін өндірістік жағдаймен байланыстыруды көрсете алмайды.

*жоғары:* әр пәннен алған білім мазмұнын байланыстыра алады. Берілген тапсырманы өздігінен орындайды. Қажетті материалды өзі іздеп таба алады. Теориялық материалдардың мазмұндық сабақтастығын талдап көрсету мүмкіндігі қалыптасқан.

Осы бақылаудың нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 3).

3 кесте – Қалыптастыру эксперименті бойынша білім деңгейлері

Деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	40%	56,3%
Орта	46,7%	36,5%
Төмен	13,3%	6,2%

Кестеден бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топ студенттерінің білім сапасының жоғарлағанын байқауға болады.

Анықтау және қалыптастыру эксперименттеріндегі көрсеткіштерді салыстыра келе, бекіту кезеңінің нәтижесі шығарылды. Эксперименттік топта пәннің сабақтарын жоғарыда берілген әдістері бойынша өткізу және оқыту оның тиімділігін көрсетті. Эксперименттік топта студенттердің үлгерімінің деңгейі жоғары болды [3].

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бордовская Н.В. Гуманитарные технологии в вузовской образовательной практике: теория и методология проектирования: учебное пособие / Н.В. Бордовская. – СПб.: РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. – 384 б.
- 2 Кирикова М.И. Современные методы обучения в вузе / Московский гуманитарный педагогический институт. – Москва. – 2014. – 86 с.
- 3 Джусупкалиева Р. И. НГДР-41, НГДР-43 топтарында «Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәнін оқытуда инновациялық технологияларды енгізу арқылы салыстырмалы талдау жасау экспериментінің есебі / Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. – Орал, 2015.

## РЕЗЮМЕ

Рассмотрены результаты сравнительного анализа показателей эксперимента по внедрению инновационных методов в обучении технических дисциплин в старших курсах специальности «Нефтегазовое дело».

## RESUME

It was considered the results of comparative analysis of experiment on introduction of innovative methods in educating of technical disciplines in the senior courses of speciality "Oil and gas business".

УДК:37.013:17(574)

**Д. Г. Менешев**, старший преподаватель кафедры «Экология и природопользование»,  
**А. Т. Сайфуллина**, студентка 3 курса группы ЭЛ-32  
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК

**ЭТНОЭКОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА  
КАК СРЕДСТВО ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ****Аннотация**

Этноэкология – это наука, изучающая взаимоотношения человека сокружающим миром и представления о нем в рамках традиционной культуры, а также влияние культурных установок на современные взаимоотношения с природой и окружающим миром в целом. В качестве направления в природоохранной деятельности этноэкология выявляет и пропагандирует традиции неразрушающего природопользования; выявляет культурно-обусловленные причины природоразрушающего поведения человека и возможные методы коррекции. В качестве направления в педагогике этноэкология использует сбор и изучение информации о традиционной культуре для воспитания эко-ориентированного типа личности; изучает и использует опыт этнопедагогики.

**Ключевые слова:** этноэкология, нравственное воспитание, родная природа, история, поэтическое наследие, традиционная культура.

Поэтическое наследие казахского народа содержит немало завораживающих картин красоты родной земли, ее безбрежных просторов, белоснежных громад альпийских гор, лазурных гладей озер... Степные барды-акыны сравнивали своих возлюбленных с пугливой ланью, их наряды – с переливающимся блеском павлиньих перьев, а их нежность – с мягкостью лебяжьего пуха.

Совершая исторический марафон из глубины веков до сегодняшнего дня, можно



проследить за эволюцией народа. Они убедительно доказывают неразрывность связи человеческой культуры, особенно нравственно-эстетического развития с родной природой.

Степь при ее красоте и богатстве в экологическом плане всегда была очень уязвима. Симптомы возможной эрозии и оскудения степи были хорошо известны кочевникам. Этот фактор учитывался при составлении маршрутов перекочевков. Все виды скота круглогодично находились на подножном корме, перегоняемые с места на место по мере скармливания и хаотичности, и подчинялись строго продуманной системе, заключающейся в том, что для каждого сезона года выделялись определенные территории, пригодные именно в данное время для укрытия от непогоды.

Система маршрутов перекочевков и распределения пастбищ по сезонам была очень рационально построена и учитывала климатические, растительные, водные и прочие условия. Нарушения этой системы допускались только в экстремальных случаях (война, эпидемия). Благодаря такому традиционному порядку стравливания пастбищ, каждое из них получало «отдых» в течение нескольких месяцев, что предотвращало разрушение почвенного покрова степи[1].

Забота о земле являлась святым делом.

Кочевой уклад, скотоводческое хозяйство способствовали интенсивному развитию богатого устно-поэтического творчества, народной музыки и прикладного искусства, источником которых является природа[2].

Устно-поэтическое творчество казахов исключительно богато и многообразно: эпос, песни, сказки, легенды, пословицы, поговорки народные афоризмы, крылатые выражения, загадки и т.д. имена их создателей неизвестны. Казахский народ показывал и показывает в устно-поэтическом слове свое отношение к жизни, рассказывает свою историю.

«История земли – это история народа», – говорится в казахской поговорке, подтверждающей единство человеческой жизни и природы[3,с.7]. Благодаря простоте образа жизни, казахи стали больше чем кто-либо «детьми» природы, наделившей их пытливым умом и любознательностью. Народ, который в прошлом не имел представления о существовании компаса, не пользовался часами, мог по солнцу, луне, движению светил ориентироваться на местности, определять днем и ночью точное время суток.

Напоминая о хозяйском отношении к земле, старшие говорили: «Где земля богата, там и народ богат» [3,с.9]. Во многих пословицах и поговорках звучит призыв относиться к природе, как святыне: «Земля–мать, люди – ее дети», «Все земли хороши, а своя – всех лучше», «На Родине и воздух лекарство» [3,с.18].

Заботливому отношению к природе, рачительному использованию ее богатства во все времена уделялось огромное внимание. В наши дни, в век научно-технического прогресса, когда покорение природы обществом идет быстрыми темпамудрые мысли казахского народа особенно актуальны. «На хорошей пашне хлеб растет, а плохой – сорняк», «Конь любит овес, а земля–навоз».

В ряде поговорок, рассматривая их с современной позиции, можно усмотреть экологические советы: «Если одно дерево срубил, посади десять взамен», «На свежем воздухе долго быть – долгую жизнь прожить», «Без птиц озеро сирота, без людей земля сирота». А в иных даже достоинства и недостатки человека определяются в сравнении с компонентами природы: «Человек без мечты, что земля голая без леса», «Человек без друзей, что дерево без листьев» [3,с.22-31].

